



Байланыс сапасы
жақсарды



4-бет

Құндылық
құрметпен
қалыптасады



5-бет

Шаһар
шежіресі



8-бет

• БІЛІМ

Грант иегерлері анықталды

2026-2027 оқу жылына магистратураға бөлінген мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің тізімі жарияланды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім беру гранттары кешенді тестілеу нәтижелері бойынша конкурстық негізде тағайындалды. Грант конкурсына ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша кемінде 75 балл, ал бейіндік бағыт бойынша кемінде 30 балл жинаған талапкерлер қатысты. Биыл магистратура бойынша мемлекеттік білім гранттарын тағайындау конкурсына жалпы саны 23 мыңға жуық талапкер қатысты.

Грант иегерлері оқуын тиісті жоғары оқу орнында жалғастыра алады. Болашақ магистранттарды жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау 2026 жылғы 28 тамызға дейін (қоса алғанда) жүргізіледі.

Грант нәтижелері талапкерлердің жинаған балдары мен конкурстық көрсеткіштері негізінде анықталды. Талапкерлер өз нәтижелерін жарияланған тізімнен тексеріп, грант иегері атанған жағдайда белгіленген мерзімде құжаттарын тапсыруы қажет.

Магистратураға грант иеленгендер белгіленген мерзімде құжаттарын тапсырып, оқуға қабылдау рәсімдерінен өтуі қажет.

Жаңа дәуір табалдырығындағы тарихи күн



23 тамыз Қазақстанның саяси тарихында жаңа дәуірдің бастауы ретінде есте қалды. Жаңа Конституциямен бірге ел заң шығарушы биліктің жаңа үлгісіне, бір палаталы Құрылтайға қадам басты. Ғасырлардан жеткен «Құрылтай» атауының қайта жаңғыруы да бекер емес. Ол – қазақ танымында ел тағдырын кеңесіп, ортақ шешімге келудің, бірлік пен жауапкершіліктің символы. Ал, бүгінгі Құрылтай – осы тарихи сабақтастықты заманауи мемлекеттік институтпен сабақтастырып, заң шығару ісін ықшам әрі тиімді етуге, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған жаңа саяси алаң. Құрылтай сайлауы осы жаңа кезеңнің шежіресіне алғашқы жолды жазды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саяси таңдау мен қоғамдық сенім

Облыс аумағында барлығы 639 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Олардың барлығы таңғы сағат 07:00-ден кешкі 20:00-ге дейін сайлаушыларды қабылдады. Аймақта 653 сайлау комиссиясы құрылып, оның 14-і аумақтық, 639-ы учаскелік комиссия болды. Сайлау жұмысын ұйымдастыруға 4429 комиссия мүшесі жұмылдырылды. Бұл – ұзақ дайындықтың нәтижесі. Комиссия мүшелерінің арнайы оқудан өтуі, сайлаушылар тізімінің нақтылануы, учаскелердің жабдықталуы, байқаушыларға жағдай жасалуы – саяси науқанның заң талаптарына сай өтуін қамтамасыз еткен тұтас жүйе.

Сайлаушылардың учаскеге жетуін жеңілдету үшін Қарағанды, Абай, Балқаш, Қарқаралы, Саран, Приозерск, Теміртау және Шахтинск қалаларында, сондай-ақ, Нұра мен Ботақара кенттерінде қоғамдық



көлік тегін жүрді. Автобустар демалыс күнінің кестесімен қатынағанымен, бір күндік жеңілдік қала мен ауылдағы жұрттың саяси науқанға қатысуына жасалған нақты қолдаудың бірі екені кәдік.

Аппараттың қолжетімділігіне де мән берілді. Облыстық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында ашылған «Құрылтай-2026» арнайы бөлімінде заңнама, сай-

лаудың күнтізбелік жоспары, учаскелердің мекенжайы мен комиссиялардың құрамы жарияланды. Байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған мәліметтер де осы алаңға топтастырылды. Сайлау күні көрінген жинақы жұмыстың сыртында осындай бірнеше бағытты қамтыған дайындық тұрды.

Облыс орталығындағы Кеншілер мә-

дениет сарайында орналасқан №17 сайлау учаскесі таңнан бері сындарлы сәттің қызу ортасына айналды. Мұнда Лобода, Ерубасев, Бұқар жырау және Назарбаев көшелерінің тұрғындары тіркелген. Тізімде барлығы 2159 сайлаушы бар. Учаскедегі дауыс беру барысын он байқаушы қадағалады.

➤ 2-бет

Алдын ала нәтижелер жарияланды

Сайлаушылардың нақтыланған тізіміне сәйкес, Қазақстандағы сайлаушылардың жалпы саны 12 млн 623 мың 289 адамды құрады. Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарын сайлаудың алдын ала нәтижелерін ұсынды.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, дауыс беру аяқталғаннан кейін аумақтық сайлау комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың электрондық көшірмелерін Орталық сайлау комиссиясына ұсынған.

– Өз сайлау учаскелерінде дауыс беру және дауыстарды санау аяқталды. Қазіргі уақытта аумақтық сайлау комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың электрондық көшірмелерін ұсынды. Осылайша, Құрылтай депутаттарын сайлаудың алдын ала нәтижелерін жариялауға мүмкіндік бар, – деді ОСК төрағасы.

Төрағаның мәліметінше, сайлаушылардың нақтыланған

тізіміне сәйкес, Қазақстандағы сайлаушылардың жалпы саны 12 млн 623 мың 289 адамды құрады. Оның ішінде цифрлық үкімет порталы мен азаматтардың тіркелген жері туралы мәліметтерді тексеру және дауыс беру учаскелерінің мекенжайлары бойынша тіркеу онлайн сервистері арқылы 9 865 азамат тізімге енгізілген.

Сайлауға 9 млн 351 мың 539 адам қатысты. ОСК төрағасы Құрылтай депутаттарын сайлау бойынша бюллетеньге саяси партиялардың атаулары мен «Бәріне қарсы» деген жол енгізілгенін атап өтті.

Алдын ала мәлімет бойынша, сайлаушылардың дауысы былай бөлінді: «Әділет» партиясы – 6 528 948 дауыс, 71,17% Жал-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНА ДЕПУТАТТАРДЫ САЙЛАУ БОЙынША ДАУЫС БЕРУДІң АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ						
ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ГОЛОСОВАНИЯ НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН						
Сайлаушылар саны Количество избирателей		12 623 289	Қатысты Приняли участие		9 351 539	Дауыс бергендердің алдын ала дерегі Предварительная явка
						74,08%
«Әділет» партиясы	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы	Қазақстан Халық партиясы	«Ауыл» партиясы	«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы	«Respublica» партиясы
Партия «Әділет»	Общенациональная социал-демократическая партия	Казакстанская партия зелёных «Байтақ»	Народная партия Казахстана	Партия «Ауыл»	Демократическая Партия Казахстана «Ақ жол»	Партия «Respublica»
Дауыстар саны Количество голосов	6 528 948	469 058	97 751	285 395	574 621	478 083
%	71,17%	5,11%	1,07%	3,11%	6,26%	5,21%
«Бәріне қарсы» дауыс берді Проголосовали «Против всех»						2,51%
						509 631
						5,56%

пыұлттық социал-демократиялық партия – 469 058 дауыс, 5,11% «Байтақ» Қазақстанның жасыл-

дар партиясы – 97 751 дауыс, 1,07% Қазақстан Халық партиясы – 285 395 дауыс, 3,11% «Ауыл»

партиясы – 574 621 дауыс, 6,26% «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 478 083 дауыс,

5,21% Respublica партиясы – 509 631 дауыс, 5,56% «Бәріне қарсы» – 2,51%.

Жаңа дәуір табалдырығындағы тарихи күн

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы учаскеде Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаш тә өз таңдауын жасады. Аймақ басшысы жаңа Құрылтай- ды сайлау мемлекеттік инсти- туттардың жаңаруымен қатар, әр азаматтың жеке жауапкершілігін де айқындайтын тарихи сәт екенін атап өтті.

– Бүгін – еліміз үшін маңызды күн. Жаңа Конституция қабылданғаннан кейін біз Құрлытайдым – еліміздің бір палаталы Парламентінің депутаттарын алғаш рет таңдап жатырмыз. Бүгінде «Заң мен тәртіп», мемлекеттік институттардың тиімділігі, азаматтардың еркіне құрмет және олардың заңды құқықтарын қорғау мызғымас қағидаттарға айналатын мемлекетті құрып жатырмыз. Әрқайсымыз бұл үдеріске өз үлесімізді қоса аламыз. Ол үшін сайлау учаскесіне келіп, өз таңдауымызды жасауымыз керек. Бұл күн жастарымыз үшін де маңызды, – деді облыс әкімі.

Дауыс беріп болғаннан кейін аймақ басшысы учаскедегі жұртпен еркін тілдесті. Шығып бара жатқанында тұрғындардың бірі одан арнайы киім киген кейіпкерлермен бірге суретке түсіріп беруін сұрады. Ермағанбет Болекапұев өтінішті жерде қалдырмай, телефонға естелік сурет түсірді. Саяси күннің ресми салмағын осындай шынайы көріністер жұмсартып, сайлау уәдесін билік пен бұқара бетке-бет жүздіретін ашық кеңістікке айналдырағандай.

Сайлау күніндегі негізгі жауапкершілік комиссия мүшелеріне жүктелді. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұрқеновтің мәліметінше, өңірдегі барлық 639 уақске белгіленген тәртіппен жұмыс істеп, дауыс беру барысына төрт мыңнан астам комиссия мүшесі қатысқан. Орталық сайлау комиссиясының сағат 20:00-дегі мәліметі бойынша сол уақытқа дейін қарағандылық сай-

жагдайда тиісті көмек көрсетті. Көру қабілеті бұзылған азаматтарға арнайы құралдар әзірленді, қозғалысы шектеулі адамдар үшін жабдықталған кабиналар қойылды. Яғни, саяси таңдау жасау құқығы қағаз жүзіндегі кепілдікпен шектелмей, іс жүзіндегі қолжетімділікпен бекітілді.

Қарағанды: таңғы қарқын, байыпты тандау

Облыс орталығындағы дауыс беру көріністері қаланың әр бөлігіне өзінше өрбіді. Әліхан Бөкейхан ауданындағы Майқұдықтың 15-ықшамауданында орналасқан №61 мектепте бір мезетте №136, №137 және №138 сайлау учаскелері жұмыс істеді. Мұнда ықшамауданың 2099 тұрғыны тіркелген. Таңғы сағат жетіде Мемлекеттік Әнұран орындалып біткеннен кейін сайлаушылардың алғашқы легі ішке енді.

№136 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Балнұр Ошақбаеваның айтуынша, тұрғындар есік ашылған сәттен бастап келе бастаған. Комиссия мүшелері сай-

Саяси құқықтың бәріне бірдей қолжетімді болуы да назардан тыс қалған жоқ. Облыста ерекше жағдай жасауды қажет ететін 6245 сайлаушы тіркелген. Дауыс беру күні оларға 143 инватаксис қызмет көрсетті, оның 15-і арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталды. Сурдоаударма қызметі 315 ұчаскеге бекітіліп, қажет жағдайда WhatsApp пен Telegram арқылы онлайн ұсынылды. Бірінші топтағы 1725 азаматқа жеке көмекші мен инватаксис қызметі қарастырылды.

лаушылардың еркін дауыс беруіне жағдай жасап, байқаушылармен сенімді өкілдер рәсімдердің сақталуын қадағалады. Майкұдық тұрғыны Мейрам Ысқақов та ертемен келіп, елдегі оң өзгерістерден үміт күтетінін жеткізді.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің орналасқан №66 учаскеде де таңғы каркын бірден байкалды. Мұнда 1984 сайлаушы тіркелген. Денсаулық жағдайына байланысты үйде дауыс беруге екі азамат

жет. Қоғамның дамуы тек мемлекеттік органдарға немесе белгілі бір адамдарға ғана байланысты емес. Ортақ болашаққа әрқайсымыздың қосар үлесіміз бар. Өз міндетімізді жауапкершілікпен атқарып, қоғамдық мәселелерге белсенді араласу – ел ертіне деген сенімнің көрінісі, – деді ол.

«Нұрқазған» тау-кен өндірісінің қызметкерлері де жұмыс және ауысқан кестесін ескерте отырып, №307 сайлау уәскасіне барып дауыс берді. Кеншілер үшін өндірістік міндет пен азаматтық құқық бір-біріне келергі келтірген жоқ. Керісінше, жұмыс арасында уәскаге келіп, жеке таңдау жасау кенді өнірдегі саяси күннің еңбек ыргағымен сабатасканын көрсетті.

Тоқтамаған өндіріс, үзілмеген үрдіс

Облыстың монокалаларындағы сайлау көрінісінен өңірдің өндірістік болмысы анық аңғарылды. Теміртаудағы «Qatmet» металлургиялық комбинатында екі уақсанның таңғы сағат алтыда ашылуы да осы ерекшеліктен туындады. Үздіксіз өндіріс жағдайында кәсіпорын аумағында бір мезетте шамамен 4700 металлург еңбек етеді. Болат балқытушы, прокатшы, энергетик, жөндеу мамандары мен өзге өндірістік бөлім қызметкерлері ауысым кестесіне сәйкес дауыс беруге мүмкіндік алды.

Сайлау күні өндірістің тоқтауы – жұмысшылардың саяси құқықтан шет қалуы деген сөз емес. Керісінше, кәсіпорын аумағындағы уәкелелер қызметкердің жұмыс орнынан ұзап кетпей-ақ, өз таңдауын жасауына жағдай туғызды. Осы көрініс жұмысшы адамның мемлекет өміріндегі орны тек өндірген өніммен

буыны металлургия саласында еңбек еткен Әділбаевтар зүлеті келді. Зүлеттің үлкені, 76 жастағы Кеңігеүл Әділбаев саналы ғұмырының 47 жылын еңбекке арнаған. Оның 40 жылы Балқаш мыс зауытының металлургия цехында өтті. Бүгінде кіші ұлы Руслан 1996 жылдан бері осы кәсіпорында еңбек етіп келеді. Ал, немересі Әділ 2025 жылы «Қазақмыс Сметлтинг» ЖШС-не қарасты Балқаш мыс балқау зауытында еңбек жолын бастаған.

– Біздің әулет үшін еңбек әрқашан үлкен тәрбие мектебі болды. Өзімнің де бар ғұмырым манай әулеттен өтті. Балаларым мен немерелерімнің адал еңбектен нәсіп тауып жүргенін көргенде көңілім марқаяды. Ел болашағына қатысты маңызды сәтте әр азамат өз таңдауын жасап, жауапкершілігін сезінуі керек. Осы ниетпен әулет болып келіп, дауыс бердік. Бірлігіміз бекем, еліміздің ертеңі жарқын болсын! – деді Кенжегүл ақсақал.

Әділбаевтар әулетінің бұл өне-
гесі өндірістік қалалардағы еңбек

дің тұрғындары «Бірлігі жарасқан тұрғындар» бастамасымен барлығы бірге келіп, №351 учаскеде дауыс беруге қатысты.

Бұл қалалардағы көріністер
сайлау мәдениетінің тек ресми
рәсімнен тұрмайтынын көрсетті.
Сарандықтар өнер арқылы, абай-
лықтар саламатты өмір салты-
дәріптеген ортақ қимыл арқылы
күннің маңызын сезінді. Копка-
батты бір үйдін тұрғындарының
бірге келуі де олардың бірдей
таңдау жасағанын емес, ортақ іскі-
бейжай қарамағанын аңғартты.
Ал, әр адамның бюллетеніндегі
шешімі өзінің еркін ұстанымы бо-
лып қала берді.

Балқашта саяси күннің тынысы мыс өндірісімен біте қайнасып жатты. №205 учаскеге бірнеше

сабақтастығын азаматтық ұстаныммен ұштастырды. Ата зауытта тер төкті, ұлы сол жолды жалғады, немересі еңбек табалдырығын атады. Үш буынның бір учаскеге келуі – Балқаштың бірнеше буын қалыптастырған еңбек мәдениетінің белгісі.

«Қазақмыс» тобының өзге кәсіпорындарындағы кеншілер, байытушылар, металлургтер, энергетиктер мен жөндеу мамандары да жұмыс және ауысым кестелеріне сай сайлау учаскелеріне барды. Еңбек ұжымдары мен әулеттерінің белсенділігі облыстағы саяси науқанға жұмысшы қауымның да өз көзқарасымен қатысқанын аңғартты.

Берекеге бастаған белсенділік

Қаладағы саяси қарқын ауылдар мен кенттерде де жалғасын тапты. Абай ауданындағы Топаркентінің №376 учаскесінде жергілікті ісмерлер мен шеберлердің сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ұйымдастырылды. Оқулыерлі бұйымдар мен картиналар учаскеге келген жұрттың назары

лаушылардың 76,28 пайызы бюл-
летень алған.

Аймақтағы сайлау барысын жиырма халықаралық байқаушы бақылады. Олардың қатарында ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының ұзақ және көпке мерзімді байқаушылары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы байқаушылар миссиясы мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының өкілдері болды. Сұхбат алынған уақытқа дейін комиссия заңбұзушылық немесе сайлаушылардың шағымы туралы мәлімет түспеген.

– Саяси құқықтың бәріне бірдей қолжетімді болуы да назардан тыс қалған жоқ. Облыста ерекше жағдай жасауды қажет ететін 6245 сайлаушы тіркелген. Дауыс беру күні оларға 143 инвентакис қызмет көрсетті, оның 15-і арнайы көтерігш құрылығлармен жабдықталды. Сурдоауларма қызметі 315 учаскеге бекітіліп, қажет жағдайда WhatsApp пен Telegram арқылы онлайн ұсынылды. Бірінші топтағы 1725 азаматқа жеке көмекші мен инвентакис қызметі қарастырылды, – деді Қайрат Қаршығаулы.

Комиссия мүшелері сайлаушының тізімдегі деректерін тексеріп қана қоймай, дауыс беру тәртібін түсіндіріп, қажет болған

өтініш білдірген. Учаске ашылмай тұрып-ақ, есік алдына оннан астам адам жиналып, кезек күткен. Солардың бірі Өмірзақ Тұрғанов жұмысқа асығып бара жатса да, әуелі дауыс беруді жөн көріпті.

Өмірзақ Асылтайұлы бұл сайлауды елдің жаңа бағытқа бет алғанын білдіретін тарихи кезең деп қабылдайтынын айтып, алдағы игі бастамалардан үміт күтетінін жеткізді. Ал, үйден дәуіс беруге ниетті азаматтар түске дейін отініш бере алды. Бұдан кейін комиссия мүшелері көрсетілген мекенжайларға барып, олардың да таңдау жасауына мүмкіндік туғызды.

Оның осы бір қарапайым әрекетінен сайлаудың күнделікті тіршілікпен қалай астасынын аңғаруға болады. Біреу қызметіне асықты, екіншісі отбасымен келді, үшіншісі денсаулығына байланысты үйінде дауыс берді. Бірақ, олардың әрқайсысын ортақ саяси шешімге өз үнін қосуға деген ниет біріктіргізі.

Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейде орналасқан №35 учаскенің маңы да таң алагеуімнен жанданды. Алғашқы минуттардын өзінде 15 сайлаушы бюллетень алып үлгерді. Үнеспандан күй мен рухты әндер әуелеп, учаскедегі жинақы қалыпқа мерекелік ренк қосты. Комиссия мүше-

қайраткері, Қарағанды облысы-
ның Құрметті азаматы Рымбала
Омарбекова әр адамның дауысы
оның қоғамдық көзқарасы мен
азаматтық ұстанымының көрінісі
екенін айтты.

– Ел болашағына бейжай қарамай, осындай маңызды сәттерде азаматтық белсенділік таныту қа-



рына ұсынылып, сайлау күніне ұлттық өнердің бояуын қосты. Осы учаскеге «Мерейлі отбасы – 2026» байқауының жеңімпазы Сейфулгазиндер отбасы да келіп, отбасылық бірлік пен қоғамдық жауапкершілікті қатар танытты.

Көксу ауылындағы №383 учаскеде «Шанс» шаруа қожалығының басшысы, облыстық мәслихат депутаты Игорь Жабяк отбасы мүшелерімен бірге дауыс берді. Ауыл шаруашылығында еңбек етіп жүрген әулет үшін жердің тағдыры, кәсіптің келешегі және кейінгі ұрпақтың болашағы бір-бірінен бөлек ұғым емес.

Игорь Жабяк әр адам өз ісіне, еңбек ететін жерінің тағдырына және балаларының болашағына жауапты екенін айтты. Оның пайымынша, сайлауда берілген дауыс – сол жауапкершілікті сезінудің және азаматтық ұстанымды білдірудің мүмкіндігі.

Осакаров ауданындағы №550

алғашқы көмек бөлімінің қызметкері Балғын Әшірбекова болды. Қауіп-қатерге толы күре жолдың бойында адам өміріне араша түсетін медицина мамандарына №28 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы Рахат Рахымжанов пен оның әріптестері қосылды. Бірі жол үстіндегі жолаушының денсаулығына жауап берсе, екіншісі төтенше жағдай кезінде көмекке ұмтылады. Сол күні олар кәсіби міндетімен қатар азаматтық парыздарын орындады.

Нұра ауданында 35 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Ауданның ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін тамыз – егін орағының қызған шағы. Соған қарамастан, «Шахтерское», «Пржевальское» және «Қайнар» серіктестіктерінің қызметкерлері жұмыс ретіне сай дауыс беруге қатысты. Аудан орталығында жәрмеңкелер, спорттық жарыстар мен концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып,

азаматтық таңдау ортақ еді.

Қоғамдық-саяси үдеріске қатысты ойымен бөліскен «АСПАП» өндірістік кооперативінің төрағасы, Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасы Құрылыс кеңесінің төрағасы Төлеген Әшім болашақ Құрылтай депутаттарына жүктелер міндеттің салмағына назар аударды.

– Құрылтай депутаттары – халықтың сенімін арқалайтын өкілдер. Сондықтан, олардың басты міндеті – елдің көкейіндегі мәселелерді ашық көтеріп, халықпен тығыз байланыста жұмыс істеу. Жұртшылықтың ұсынысы мен талап-тілегін билікке жеткізіп, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қызмет етуі маңызды. Өйткені, биліктің бастауы – халық. Халықтың үні естіліп, ұсынысы ескерілген жағдайда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады, – деді ол.

Бұл пікір сайлаудың саяси



Біздің әулет үшін еңбек әрқашан үлкен тәрбие мектебі болды. Өзімнің де бар ғұмырым маңдай термен өтті. Балаларым мен немерелерімнің адал еңбектен нәсіп тауып жүргенін көргенде көңілім марқаяды. Ел болашағына қатысты маңызды сәтте әр азамат өз таңдауын жасап, жауапкершілігін сезінуі керек. Осы ниетпен әулет болып келіп, дауыс бердік. Бірлігіміз бекем, еліміздің ертені жарқын болсын!

жастағы Мереке Сыздықов №464 учаскеге өз аяғымен келді. Ол ұзақ жылдар бойы бұрынғы Тимирязев атындағы кеншарды басқарған. Жасы тоқсанның төртінге келсе де, жүріс-тұрысы ширақ, көлігін өзі жүргізіп, күнделікті шаруасын өздігінен атқарады. Ауылдың қоғамдық өмірінен қол үзбеген қарияның сайлау учаскесіне келуі кейінгі буынға үнсіз өнеге болды.

Қарағандыдағы №35 учаскеге тоқсан жастағы ақсақалдың ақ жаулықты жұбайымен бірге келуі де сондай әсерлі сәттік бірі еді. Қос қарияға ұсынылған шағын сыйлықтың құны емес, оларға көрсетілген құрметтің жылуы маңызды болды. Ұзақ жыл бірге ғұмыр кешкен ерлі-зайыпты елдік мәселеде де қатар тұрып, ортақ болашаққа деген тілегін бір әрекетпен білдірді.

Ал, Қарағандыдағы №88 мектепте орналасқан №5 учаскеде химия ғылымдарының докторы, профессор, академик Зейнолла Молдахметов дауыс берді. Ғылым мен білімге ғұмырын арнаған қайраткер комиссия мүшелерімен жылы жүздесіп, олардың жұмысына сәттілік тіледі. Ғалымның

көлік жүргізуді меңгеріп, курстан кейін бір жылдық мерзімді әскери қызметке аттанады. Әскери бөлімдерде жүргізуші болып борыш өтейтін жастардың үшеуі әлі 18 жасқа толмаған.

Мектеп тәрбиешісі Жанна Серікқызы үш айлық оқу барысында жастарға техникалық біліммен бірге тәртіп, табандылық пен жауапкершілік ұғымдары сіңірілетінін айтты. Тыңдаушының көлік тізгінін меңгеруі ғана жеткіліксіз. Ол әскери ортадағы міндетін, Отан алдындағы борыштың салмағын сезінуі тиіс. Сондықтан, курс өрендерінің сайлауға қатысуы тәрбие жұмысындағы азаматтық бағыттың нақты көрінісі ретінде бағаланды.

Сол курс тыңдаушыларының бірі – Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданынан келген 18 жастағы Дінмұхамед Алимусин. Әскери сапқа қосылар алдындағы даярлықтан өтіп жүрген жас азамат үшін бұл күн саяси құқық пен Отан алдындағы міндеттің сабақтастығын сезіндірді.

– Бүгін өзіме берілген конституциялық құқықты пайдаланып, еліміздің кемел келешегі үшін таңдау жасадым. Әр азаматтың дауысы ел ертеңіне ықпал ететінін түсінемін. Қазір әскери қызметке даярланып жүрмін. Меніңше, Отанға қызмет ету тек әскери борышты өтеумен шектелмейді. Ол ел өміріндегі маңызды оқиғаларға бейжай қарамай, өз ұстанымды білдіруден басталады, – деді Дінмұхамед.

Приозерск қаласындағы №230 учаскеде 06708 әскери бөлімінің 18 жастағы сарбазы Мадияр Серікбай да алғаш рет дауыс берді. Мерзімді әскери қызметін өтеп жүрген ол үшін қолына бюллетень алу – жаңа азаматтық мәртебесін сезіндірген сәт. Отан тыныштығын күзету мен елдің саяси өміріне қатысу жас сарбаздың бойында бір жауапкершілікке тоғысты.

Сайлау учаскелерінде жұрт жамдында қалатын айшықты көріністер де аз болған жоқ. Балқаштағы №195 учаскеге қаладағы туристік фестивальдің нышанына айналған

жолбарыс кейіпіндегі азамат келді. Қарағандыдағы №7 учаскеге үкі мен бүркітін ала келген тұрғын көпшіліктің назарын аударды. Теміртаудағы №266 учаскеге бірдей қызылқоңыр телпек пен көйлек киген, қолына раушан гүл ұстаған сән үйінің төрт өкілі келді. Қарқаралының Бақты ауылында атбегі Нұрғазы Қазбек батырдың киімін киіп, ұлттық рухты айшықтады.

Бұл көріністердің бәрі саяси рәсімге жасанды сән қосу үшін емес, әр өңірдің өзіндік болмысын танытуымен құнды болды. Бірінде өндірісті қаланың жаңа туристік нышаны көрінсе, екіншісінде саятшылық дәстүрінің белгісі, үшіншісінде сән мен талғам, төртіншісінде батырлық рух көрініс тапты. Сайлау учаскесі осылайша қоғамның әр буыны мен әртүрлі ортасы тоғысатын кеңістікке айналды.

Әр дауыста аяулы аманат бар

Кешкі сағат 20:00-де облыстағы сайлау учаскелерінде дауыс беру аяқталып, комиссия мүшелері бюллетеньдерді санауға кірісті. Сайлаудың нақты нәтижелері заңда белгіленген тәртіппен жарияланады. Ал, күн бойғы көріністер өңір халқының саяси науқанды қалай қабылдағанын айқын аңғартты.

Саяси науқанның шынайы өлшемі азаматтың таңдау еркіндігіне, рәсімнің ашықтығына және сайланған өкілдердің кейін халық алдындағы жауапкершілігіне байланысты. Қарағанды облысындағы бір күндік көріністер осы үш ұғымның өзара сабақтас екенін байқатты. Комиссия тәртіпті қамтамасыз етті, байқаушы үдерісті қадағалады, ал, сайлаушы шешімін өзі қабылдады. Енді, сол шешімнен туындайтын қоғамдық үмітті нақты саяси жұмысқа айналдыру міндеті алда тұр.

Осылардың әрқайсысы – бөлек тағдыр, бөлек кәсіп, бөлек буын. Бірақ, сол күні олардың жолы бір саяси кеңістікке тоғысты. Сайлаудың мәні де осында. Сан алуан пікір мен жеке таңдауды ортақ мемлекеттік шешімге ұластыру. Азамат өз дауысын берді. Ендігі міндет – сол дауыстың салмағын арқалайтын Құрылтайдың халықпен байланысын үзбей, ел сеніміне сай қызмет етуі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



учаскеде 1705 сайлаушы тіркелген. Олардың бесеуі үйде дауыс беруге өтініш білдірсе, 15 жас сайлаушы бюллетеньді алғаш рет қолға алды. Аудан тұрғыны Бірлік Баржағас соңғы он жыл бойы әр сайлауда учаскеге алғашқылардың бірі болып келуді дәстүрге айналдырған. Бұл жолы да ол таңғы уақыттан өз таңдауын жасап, жұртты саяси науқаннан қалыс қалмауға шақырды.

Түс ауа №551 учаскеге «Сары-бел» оркестрінің мүшелері келді. Ұлттық музыкалық мұраны насихаттап жүрген өнерпаздар елдің қоғамдық өміріне араласуды да азаматтық парыз санайтынын жеткізді. Учаске төрағасы Алма Макишеваның мәліметі бойынша дауыс беру қалыпты өтіп, келушілер қатары үзілмеген.

Өнерпаз Галия Нұрсұлтан ұлттық мұраны сақтау мен қоғамдық өмірге араласуды бір-бірінен бөліп қарауға болмайтынын жеткізді. Елдің рухани қазынасын дәріптеп жүрген азаматтың саяси үдеріске қатысуы да – ортақ болашақ алдындағы жауапкершіліктің бір қыры.

Ал, Молодежный кентінің мәдениет үйіндегі №573 учаскеге трассалық медициналық-құтқару пунктінің мамандары жұмыс арасындағы уақытын пайдаланып барды. Олардың қатарында медициналық-санитариялық

«Ақ әжелер» және «Замандастар» ансамбльдерінің мүшелері ұлттық киіммен учаскелерге келді.

Қазақстанның Еңбек Ері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, «Шахтерское» серіктестігінің директоры Георгий Прокоп та кәсіпорын қызметкерлерімен бірге өз таңдауын жасады.

– Әр азамат үшін сайлауға қатысу – өз ұстанымын білдіріп, ел болашағына үлес қосу мүмкіндігі. «Шахтерское» ұжымы осы маңызды қоғамдық-саяси оқиғаға жауапкершілікпен қарады, – деді Георгий Прокоп.

Оның сөзінде ауыл еңбеккеріне тән нақты байлам бар. Дала төсіндегі науқан бір күнге тоқтамайды. Бірақ, жерге дән сеуіп, елдің азықтүлік қауіпсіздігіне үлес қосып жүрген азамат қоғамдық шешімдерге де араласады. Еңбек пен жауапкершіліктің осылай астасуы Нұра ауданындағы сайлау күнінің негізгі сипатына айналды.

Қарқаралы ауданындағы 51 учаскеде де дауыс беру белгіленген тәртіппен ұйымдастырылды. Жастар мен аға буын өкілдеріне, мүгедектігі бар азаматтарға қажетті жағдай жасалды. Аудан орталығындағы өнерпаздар мен аниматорлар тұрғындарға мерекелік көңіл күй сыйлады. Осылайша, қаладағы өндірістік ырғақ пен ауылдағы еңбек тынысы әртүрлі болғанымен, оларды біріктірген

мазмұнын дауыс беру күнімен ғана шектемейді. Сайлаушының міндеті бюллетень салумен аяқталса, халық сенімін алған депутаттың жауапкершілігі сол сәттен басталады. Құрылтайдың беделі де оның қоғамдағы қордаланған мәселелерді қаншалықты ашық көтеріп, азаматтардың талабын нақты шешімге айналдыра

Құрылтай депутаттары – халықтың сенімін арқалайтын өкілдер. Сондықтан, олардың басты міндеті – елдің көкейіндегі мәселелерді ашық көтеріп, халықпен тығыз байланыста жұмыс істеу. Жұртшылықтың ұсынысы мен талап-тілегін билікке жеткізіп, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қызмет етуі маңызды. Өйткені, биліктің бастауы – халық. Халықтың үні естіліп, ұсынысы ескерілген жағдайда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

алуына байланысты болмақ.

Жауапкершілік жас талғамайды

Сайлау күнінің жалпы көрінісін учаскелер мен пайыздық көрсеткіштер арқылы толық тану мүмкін емес. Оның шынайы мазмұны – бюллетень ұстаған адамдардың тағдыры мен әр буынның азаматтық қадамында. Қарағанды облысында 18 жасқа енді толған жастардан бастап, жасы тоқсаннан асқан қарияларға дейін өз таңдауын жасады.

Бұқар жырау ауданының Жаңаөзен ауылында тұратын 94

учаскеге келуі қоғамдық үдеріске араласудың жасқа да, қызмет дәрежесіне де тәуелді емес екенін көрсетті.

Ал, Қарағанды индустриалды-технологиялық колледжінде орналасқан №150 учаскеге облыстық әскери-техникалық мектептің курс тыңдаушылары барды. Мектептің офицерлері мен ұстаздары өз мекенжайлары бойынша дауыс берсе, үш айлық даярлықтан өтіп жүрген, 18 жасқа толған жастар осы учаскеде таңдау жасады. Олар «В», «С» және «С1» санаттары бойынша



Байланыс сапасы жақсарады

Қала мен ауылдың арасын жақындататын бүгінгі ең маңызды тетіктің бірі – сапалы байланыс. Облыста шалғай елдімекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамту жұмысы қарқын алып келеді. Қазірдің өзінде өңірдегі 39 ауылға жылдам интернет жетсе, алдағы уақытта олардың қатары 180-нен асады. Нәтижесінде 50 мыңға жуық тұрғын мекендейтін 22 мыңнан астам үй тұрақты әрі сапалы байланысқа қол жеткізбек.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір ауқымды жұмыстың бір бөлігі Осакаров ауданында жүргізіліп жатыр. Мұнда Молодежное-Аманқоңыр аралығында талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылууда. Мамандар осы уақытқа дейін облыс аумағында 217 шақырым магистральдық желі төсеген. Ал, жалпы жоспар бойынша өңірде 2,5 мың шақырымнан астам талшықты-оптикалық желі салынуы тиіс.

Жұмыс бекітілген кестеге сай кезең-кезеңімен атқарылууда. Желінің құрылысы аяқталған сайын оған жаңа ауылдар қосылып, тұрғындарға жоғары жылдамдықты интернет қолжетімді бола түседі.

Бұрын ауылға интернеттің жетуі, ең алдымен, байланыс мәселесі ретінде қарастырылса, қазір



оның мәні әлдеқайда кеңейді. Өйткені интернет – білім алудың, жұмыс істеудің, кәсіп жүргізудің, мемлекеттік қызметке жүгінудің күнделікті құралына айналды.

Мәселен, ауылдағы оқушы қосымша білім алып, қажетті оқу қорларын пайдалана алады. Жастар қашықтан білім алып, түрлі курстарға қатысуға мүмкіндік табады. Ал, ауыл тұрғыны анықтама немесе басқа да мемлекеттік қызмет үшін аудан орталығына сабылмай, қажетті шаруасының бір бөлігін үйінен шықпай-ақ тындыра алады. Медициналық және әлеуметтік қызметтердің де бірқа-

тарына қашықтан жүгінуге жол ашылады.

Жоғары жылдамдықты интернеттің ауыл кәсіпкері үшін де берері мол. Шағын шаруашылық иесі немесе қолынан іс келетін кәсіпкер өз өнімін тек ауыл-аймаққа емес, әлеуметтік желілер мен сауда алаңдары арқылы басқа өңірлерге де ұсына алады. Тапсырыс қабылдау, жарнама жасау, төлем жүргізу секілді бұрын қалаға тәуелді болған талай шаруа интернет арқылы шешіледі. Яғни, сапалы байланыс ауылдағы кәсіптің өрісін кеңейтіп, табыс бұдың жаңа жолдарын ашады.

Ең бастысы, интернет ауыл тұрғынының тұрған жеріне байланысты мүмкіндігін шектемеуге тиіс. Қай елдімекенде өмір сүрсе де, адам білімге, ақпаратқа және мемлекеттік қызметке бірдей қол жеткізуі қажет.

Облыстағы бұл жұмыстар Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің тапсырысы бойынша «Қолжетімді интернет» республикалық жобасы аясында «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп жүзеге асырылууда.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Өңірде кадрлық өзгеріс

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметіне Шыңғыс Сүйінбаев тағайындалды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен жасалған жаңа тағайындаудың маңызы – оның еңбек жолының басым бөлігі өнеркәсіп, индустриялық даму, техникалық реттеу және мемлекеттік басқарумен тікелей байланысты. Бұған дейін бұл қызметті атқарған Ермек Алпысов басқа жұмысқа ауысуына байланысты лауазымынан босатылды.

Жаңа орынбасарды таныстырған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев оның жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби білімі өңір үшін маңызды міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретініне тоқталды.

– Шыңғыс Сүйінбаевтың тәжірибелік білімі мен кәсіби дағдылары облыс әкімінің орынбасары қызметінде өз әлеуетін толыққанды жүзеге асыруына септігін тигізетініне сенімдімін, – деді облыс әкімі.

Оның еңбек жолы өңдіріс пен техникалық реттеу саласынан басталған. Алғашқы қызметін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «ҚазМетрИн» РМҚ жанындағы «Қазақстан салыстырып тексеру қызметі» ЕМК Алматы филиалында І-санатты маман болып бастаған. Кейін тексеру зертханасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Одан кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінде еңбек етіп, мемлекеттік басқару саласында тәжірибе жинақтады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Сауда



және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінде басшылық қызметтер атқарды.

2022-2023 жылдары Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары болды. Бұл қызметте елдің индустриялық даму бағытына қатысты мәселелермен айналысты.

2023 жылдың қарашасынан бастап, жаңа қызметке тағайындалғанға дейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Өз тілшімізден

Қоршаған ортаға қамқорлық

Әрбір қаланың көркі тазалықтан басталса керек. Ал, тазалықты бір күндік науқанмен шектемей, күнделікті дағдыға айналдыру – ортақ жауапкершілік. Құрыш қала Теміртауда осы ұстанымды арқау етіп, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экоакцияның кезекті іс-шарасы өтті. Волонтерлер мен экобелсенділер жағалау аумағын қоқыстан тазартты. Сонымен қоса, игі істі ілгерілетіп, «Таза ойындар» форматындағы тартысты сайысқа ұластырды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастар ішінара бірнеше топқа бөлініп, тұрмыстық қалдықтарды жинады. Әрі түріне қарай сұрыптады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, басты міндет – өскелең ұрпақтың бойында табиғатқа жанашырлық пен қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру.

– Кейінгі кезде қоғам мен қоршаған ортаны кемелдендіруді көздеген «Таза Қазақстан» – табиғатқа жанашырлық пен жауапкершілікті әр адамның күнделікті өмір салтына айналдыруды көздейтін бастама. «Таза ойындар» ак-



циясы арқылы жастарды бірлікке, белсенділікке және туған қаласының тазалығына өз үлесін қосуға шақырамыз. Таза орта әрқайсымыздан басталады! – деді «Jasyl El» ұйымының үйлестірушісі Мирас Яуда.

Жалпы алғанда, аймақта «Таза Қазақстан» аясындағы жастар бастамалары кеңінен қолдау тауып келеді. Өңірде осы бағытта 176 экологиялық акция өткізіліп, оған 113 мыңнан астам жас пен ерікті қатысқан.

Акцияға қатысқан жалынды жастар да қала тазалығы бір реттік сенбілікпен өлшенбеуі керек деген пікірде. Қоқысты кез келген жерге тастамай, қалдықтарды сұрыптап, табиғи аумақтарға ұқыпты қарау секілді қарапайым әдеттердің өзі қоршаған ортаны қорғауға қосылған қомақты үлес екені даусыз.

Жедел басқару жемқорлықтың жолын кеседі

Заң үстемдік құрғанда елдің еңесі биік, азаматтың көңілі тыныш. Десе де, қоғамдық тәртіптің шын өлшемі – құқық бұзушылық болғаннан кейін әрекет ету емес, оның алдын алып, қауіптің алғашқы белгісіне дер кезінде ұн қату. «Заң мен тәртіп» қағидатының осы талабын нақты іспен бекітіп, Қарқаралы ауданында жаңа Жедел басқару орталығы іске қосылды.



Сурет облыс әкімінің салтанат

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Табиғаты көркем, туристік әлеуеті жоғары Қарқаралыға жыл сайын еліміздің әр қиырынан демалушылар келеді. Осы жайтты ескере отырып, аудан орталығындағы тұрғындар мен қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоғамдық орындарды бақылау жүйесіне де заманауи талап қойылды. Жаңа орталық елдімекенде орнатылған бейнебақылау камераларын бір арнаға тоғыстырып, полиция қызметкерлеріне ахуалды нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Қазір көшелердегі, мектептер мен балабақшалардағы бейнебақылау камераларының басым бөлігі осы орталыққа қосылған. Соның арқасында тәртіп сақшылары қоғамдық орындардағы жағдайды бір мезетте қадағалап, күмәнді әрекетті дер кезінде байқайды. Егер де оқыс жағдай болса, бірден оқиға орнына жедел топ жөнелте алады.

Жүйенің алғашқы нәтижесі де көңіл көншітеді. Орталық жұмысын бастағалы бейнебақылау камераларының көмегімен 40-тан астам құқық бұзушылықтың жолы кесіліп, бірқатар қылмыс ашылған.

Бұл нәтижені тек анықталған құқық

бұзушылықтар санымен бағалау жеткіліксіз. Бейнебақылау жүйесінің басты артықшылығы – қоғамдық орындардағы ахуалды үздіксіз қадағалап, қауіптің алдын ала белгі берген тұсына дер кезінде назар аудару. Осы тұрғыдан алғанда, Жедел басқару орталығы болған оқиғаны тіркейтін техникалық алаң ғана емес, профилактикалық жұмысты күшейтіп, полицияның әрекет ету уақытын қысқартатын маңызды басқару тетігі саналады.

– Жаңа орталықтың мүмкіндігі қала көшелерін бақылаумен шектелмейді. Жүйеге ұшқышсыз ұшу аппараттарынан түсетін бейнематериалдарды онлайн режимде қабылдау тетігі де енгізілген. Қарқаралының қалың орманы мен қатпар-қатпар тауында осы уақытқа дейін бағытынан жаңылып, ауа райының күрт нашарлағанынан бірнеше қонақтарымыздың жоғалып кеткен оқиғалары болды. Осындай жағдайда дрондар кең аумақты аз уақытта шолып, адасқан адамның жүрген бағытын анықтауға көмектеседі. Ал, түсірілген бейне орталықтан тікелей бақыланып, іздестіру тобына қажетті мәлімет жедел беріледі, – деді Қарқаралы ауданының полиция бөлімі бастығының орынбасары Бекұлан Ташмағанбетов.

Қарқаралы қаласының әкімі Аслан Рахымбергенов Жедел басқару орталығының алдағы уақытта әлі жаңа жабдықтар-

мен жаракталып, жетіле түсетінін айтты.

– Алдағы уақытта орталықтың техникалық әлеуеті одан әрі кеңеймек. Жасанды интеллект элементтері бар бейнебақылау камераларының санын көбейтеміз. Сонымен қатар, аудандық полиция бөліміне қосымша ұшқышсыз ұшу аппараттарын сатып алу мәселесі қарастырылууда. Бұл аудан аумағын бақылау аясын кеңейтіп, туристік маусымдағы қауіпсіздік шараларын қамсыздандыру жұмыстарын жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

Бүгінде қауіпсіздік ұғымы учаскелік инспектордың кезекшілігімен немесе көшедегі патрульмен ғана шектелмейді. Оған бейнекамера, дрон, жедел байланыс және жасанды интеллект секілді заманауи мүмкіндіктер қосылды. Бірақ, технология қанша жетілгенімен, оның басты міндеті өзгермейді. Ол – адам өмірін қорғау, тұрғынның тыныштығын сақтау және заңның үстемдігін қамтамасыз ету.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ БЕРУ БОЙЫНША ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

ТЕК ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ЖЕТКІЗЕМІЗ!

2026 жылғы 11 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының «Саулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 9 қаңтардағы №254-VIII Қазақстан Республикасы Заңының 32-тармағы қолданысқа енгізіледі.

Аталған Заңға сәйкес табиғи монополия субъектілерінің желілеріне қосылуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды (ТШ) беру бойынша өтінімдерді қабылдау және олардың нәтижелерін беру:

- «Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы;
- немесе
- уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Осыған байланысты техникалық шарттарды алу үшін өтінімдерді қағаз жеткізгіште қабылдау қолданыстағы заңнамада көзделмеген.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА ӨТІМ БЕРУДІҢ АРТҚЫШЫЛЫҚТАРЫ:

- 24/7** тәулік бойы (24/7) қолжетімді
- уақыт пен ресурстарды үнемдейді
- өтінімді қарау процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді
- өтінімнің орындалу мәртебесін онлайн режимде бақылауға мүмкіндік береді

ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ АЛУ БОЙЫНША ӨТІНІМДЕРДІ ТЕК РЕСМИ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АРНАЛАР АРҚЫЛЫ БЕРУЛЕРІҢІЗДІ СУРАЙМЫЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ АРТҚЫШЫЛЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

Құндылық құрметпен қалыптасады

Қазақ «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп, отбасының берекесін ұрпақ тәрбиесімен байланыстырған. Қазақ ұғымында шаңырақ – мейірім мен жауапкершіліктің, сыйластық пен сабырдың мекені.

Бірақ, бүгінгі кей шаңырақтың есігі сырт көзге бүтін көрінгенімен, ар жағында үнсіз үрей, қорқыныш пен қысым жатуы бек мүмкін. Бір сәттік ашу. Бір ауыз ауыр сөз. Болмашыдан басталған жанжал. Кейде осындай сәттің соңы адам тағдырын ойрандап, орны толмас қасіретке ұласады. Ең ауыры – оның әйел мен баланың жан дүниесіне ошпес таңба болып түсуі.

Жуырда «барниге» бола басталған тұрмыстық жанжалдан жас ананың қаза табуы қоғамды тағы дүр сілкіндірді. Заң күшейді, жауапкершілік артты, полицияның заңбұзушылықтың алдын алу тетіктері кеңейді. Сонда да неге бір үйдің ішіндегі ұрыс-керіс кейде адам өліміне дейін барады? Қауіпті қай тұстан ертерек тоқтатуға болады? Мәселенің мәнісі де – осында.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Заң «Отбасының ішкі мәселесі» деген түсінікті өзгертті

Әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қорғауға кейінгі жылдары айрықша мән беріліп келеді. 2024 жылғы 15 сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты заңға қол қойды. Құжат сол жылдың 16 маусымынан бастап күшіне енді.

Өзгерістің ең елеулісі – бұрын әкімшілік жауапкершілік шеңберінде қаралып келген кейбір әрекеттің қылмыстық санатқа ауысуы. Қылмыстық кодекске ұрып-соғуға қатысты 109-1-бап, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруге қатысты 108-1-бап енгізілді. Яғни, мемлекет отбасындағы күш көрсетуді «үй ішінің әңгімесі» деп жылы жауып қоюға болмайтынын айқын көрсетті.

Бұл – маңызды құқықтық бетбұрыс. Алайда, заңның катаюы қасіреттің тамырын бір күнде қырқып тастамайды. Тұрмыстық зорлықтың астарында көбіне қордаланған реніш, әлеуметтік қысым, тәуелділік, қорқыныш, жұмыссыздық, қарыз бен тұрмыстық күйзеліс тәрізді бір-біріне шырмалған түйткіл жатады. Бұлардың ешқайсысы зорлықты ақтамайды. Бірақ, алдын алу жұмысы сол себептерді де айналып өтпеуі тиіс.

Әлеуметтік қиындық ақтау емес

Отбасындағы тыныштықты қаржымен өлшеуге болмайды. Дегенмен, табыс азайып, жұмыссыздық қысып, қарыз көбейген сайын шаңырақ ішіндегі психологиялық салмақтың ауырлайтыны бар. Сондықтан, әлеуметтік қолдау мен жұмыспен қамту да отбасы әл-ауқатын нығайтудың бір тетігі саналады.

Биылғы алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қарағанды облысында 18 303 көпбалалы отбасы тіркелген. Бір жыл бұрын олардың саны 16 612 болыпты.

Ал, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, керісінше, азайған. 2023 жылы АӘК-ті 2 086 отбасы, 9 636 адам алса, 2024 жылы – 1 422 отбасы, 6 648 адам, 2025 жылы – 993 отбасы, 4 638 адам алған. 2026 жылдың алғашқы алты айында бұл көрсеткіш 572 отбасыға, яғни, 2 638 адамға дейін төмендеген. Осы отбасыларға 127 млн теңге көлемінде көмек көрсетіледі.

– Біздің мақсатымыз – мұқтаж отбасыға жәрдемақы бере отырып, оны қиын жағдайдан шығаруға мүмкіндік жасау. Сондықтан, АӘК жүйесінде еңбекке қабілетті азаматтарды жұмыспен қамтуға, отбасының табысын арттыруға басымдық беріледі, – дейді облыстың жұмыспен қамтуды үй-



лестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Асем Жүнісбекова.

Әлеуметтік қолдаудың тағы бір өзегі – бала. Биылғы алғашқы жартыжылдықта АӘК алатын отбасылардағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі 820 балаға қосымша төлем тағайындалып, 14,6 млн теңге бөлінген.

Әрине, жәрдемақы жанға медеу болғанымен, отбасындағы сыйластықты сатып ала алмайды. Материалдық қолдау тұрмыстың жүгін жеңілдетеді, ал, шаңырақтың шырайын кіргізетін – жауапкершілік, түсіністік пен өзара құрмет. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дегеннің салмағы дәл осындайда сезіледі.

Әр деректе – бір тағдыр

Облыстың полиция департаментінің мәліметінше, 2026 жылдың алғашқы жеті айында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған қылмыстар бытырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 30,7 пайызға азайған. Былтыр 78 қылмыс тіркелсе, биыл 54 жағдай есепке алынған.

– Бұл – алдын алу жұмыстарының нәтижесін көрсетеді. Дегенмен, бір қылмыстың өзі – бір отбасының, бірнеше адамның тағдыры. Сондықтан, біз үшін әрбір жағдайдың алдын алу маңызды, – дейді облыстық полиция департаменті отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Гүлбану Сатпаева-Алпысбаева.

Статистиканың ар жағында күнделікті атқарылып жатқан ауқымды жұмыс тұр. Биыл тұрмыстық салада құқық бұзған 5 155 адамға әкімшілік шара қолданылған. 4 959 қорғау нұсқамасы шығарылып, 1 188 адамға ерекше талап белгіленген. Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін 745 адам, ерекше талаптарды орындамағаны үшін 1 279 адам жауапқа тартылған.

Бұл сандардың әрқайсысы – бір шаңырақтағы қауіптің ресми тіркелген белгісі. Демек, жанжал қылмысқа ұласпай тұрғанда араласу, қауіпті әрекетті шектеу және жәбірленушіні қорғау – ең маңызды міндет.

Баспана ғана емес, қайта аяққа тұруға мүмкіндік

Қазір облыста тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған төрт дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Жыл басынан бері олардың сенім телефондарына 431-ден астам адам хабарласқан. 25 адам, оның ішінде, 15 әйел мен 10 бала, уақытша баспанаға орналастырылды.

Ал, Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығының мамандары жыл басынан бері шамамен 1 425 адамды қабылдаған. Соның ішінде, тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бойынша 73 өтініш тіркелген. 95 адам психологқа, 98 адам заңгерге жүгінген. 45 адам медиатор көмегін пайдаланса, 25 адам жұмысқа орналасқан.

Әйелді зорлық жасаушыдан уақытша ғана алыстату жеткіліксіз. Барар жері, өз табысы,



құқықтық әрі психологиялық тірегі болмаса, адамның қайтадан бұрынғы ортасына оралу қаупі бар. Сондықтан, дағдарыс орталығының міндеті – паналата отырып, қауіпсіз әрі дербес өмірге қайта қадам басуына мүмкіндік беру.

«Неге кетіп қалмады?» деу оңай...

Сырт көзге бәрі оңай көрінуі мүмкін. Қол көтерсе – кету керек, қорқытса – полицияға бару керек. Бірақ, зорлықтың психологиясы күрделі.

Әйелдің арыз бермеуіне немесе берген арызын кейін қайтарып алуына қорқыныш, ортақ бала, баспананың болмауы, материалдық тәуелділік, туыстарының қысымы, «отбасым бұзылмаса екен» деген үміт себеп болуы ықтимал.

Облыстың полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Айзада Досмағанбетованың айтуынша, тәжірибеде шамамен әрбір үшінші-төртінші әйел кейін арызынан бас тартуға немесе татуласуға әрекет жасауы мүмкін.

– Оның себептері – әртүрлі. Материалдық тәуелділік, ортақ балалар, баспананың болмауы, қорқыныш, туыстарының қысымы және «отбасы сақталса екен» деген ой. Сондықтан, біздің міндетіміз – әйелді кінәлау емес, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өз бетінше шешім қабылдауына жағдай жасау, – дейді ол.

Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығының психологы Гүлзина Беркінбаева ұзақ уақыт зорлық көрген адамның өзіне деген сенімін жоғалтып, қорқыныш, күйзеліс, өзін кінәлау мен дәрменсіздік сезіміне бой алдыруы мүмкін екенін айтады.

– Сондықтан, «Неге кетіп қалмады?» деп әйелді кінәлауға болмайды. Оған ең алдымен қауіпсіз орта мен психологиялық қолдау қажет, – дейді психолог.

Орталықта алдымен, адамның қауіпсіздігі мен эмоционалдық жағдайына мән беріледі. Психолог қорқыныш пен кінә сезімін жеңуге, өзіне деген сенімді қайта қалыптастыруға көмектеседі. Қажет жағдайда заңгер мен әлеумет-

тік қызметкер де тартылады.

Орталық заңгері Әсет Карбузов әйелдердің ең алдымен, өз құқығын білгені дұрыс екенін айтады. Олар полиция шақыруға, сот-медициналық сараптамадан өтуге және өзіне келтірілген зиянды тіркетуге құқылы. Қауіп денгейіне қарай зорлық жасаушыға қорғау нұсқамасы шығарылуы мүмкін.

Ал, полиция инспекторының мәліметінше, профилактикалық есепте тұрған тұлғалардың шамамен 10-20 пайызы қайта құқық бұзушылық жасау қаупі жоғары санатқа жатады. Олар бақылауда болады, қорғау нұсқамалары шығарылады, профилактикалық әңгімелер жүргізіледі, қажет жағдайда сот арқылы ерекше талаптар белгіленеді.

«Балаларымның аمانдығын ойладымыз...»

Статистика кейде салқын көрінеді. Ал, оның ар жағында тірі тағдыр, жан жарасы, баланың көз жасы бар.

Раушан Тоғызжігітова – бес баланың анасы. Жолдасымен 24 жыл бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен. Өзінің айтуынша, кезінде отбасында махаббат та, сыйластық та, береке де болған. Тіпті, шаңырақ көтергендеріне 25 жыл толғанда теңізге барып демалулы жоспарлап, қаражат жинаған.

Алайда, уақыт өте жағдай өзгеріп, жанжал күш көрсетуге ұласқан. Раушан бірнеше рет жарақат алғанын, соның ішінде басынан зақымданғанын айтады. Ең ауыры – үйдегі ұрыс-керістің балалардың психикасына әсер етіп жатқанын аңғаруы. Сөйтіп, былтыр ажырасуға түпкілікті шешім қабылдайды.

– Балаларымның жағдайын ойладымыз. Үйдегі ұрыс-керіс пен қысым олардың психикасына әсер ететінін түсіндім. Сыйластық пен мейірім қалмаған жерде бірге тұрудың мәні жоқ деп шештім, – дейді көпбалалы ана.

Раушан өмірдің талай белесін қара еңбегімен еңсерген. Жолдасымен ауылдан қалаға көшіп келіп, жоқтан бар жасаған. Құрылыс саласында жұмыс істеген, кейін бухгалтер мамандығы бойынша еңбек еткен. Одан соң кран жүргізуді үйреніп, Астанада мұнаралы кран жүргізушісі болған.

– Бәрін нөлден бастадым. Үй салдық, балаларды өсірдік, еңбек еттік. Мен отбасыма да, үйіме де қолымнан келгенше үлес қостым.



мүмкін, – дейді ол.

Раушан бүгінгі қоғамда қазақы тәрбие мен дәстүрдің әлсіреп бара жатқанына да алаңдайды.

– Қазақтың бұрыннан келе жатқан тәрбиесі мен даналығын жоғалтып алмауымыз керек. Әйел ерін сыйлап, қас-қабағына қарап, тапқанын ұқсатып, әр сөзге ермей, алға ұмтылса, ерлі-зайыптылар бір-бірін тыңдап, қиындықты бірге еңсеруге тырысса, көптеген жанжалдың алдын алуға болады, – дейді көпбалалы ана.

Әрине, бұл сөздің мәнін әйел зорлыққа шыдауы керек деп түсінуге болмайды. Қазақы тәрбиенің түпкі өзегі де – бір тараптың үнсіз көне беруі емес. «Ырыс алды – ынтымақ» дегенде халқымыз екі адамның бірін-бірі аяқасты етуін емес, ардақтауын айтқан. Отбасы сыйластық бар жерде ғана берік. Ал, адамның ар-намысына, денсаулығы мен өміріне қауіп төнген тұста үнсіздік ізгілікке жатпайды.

Үнсіздік – қауіптің серігі

Тұрмыстық зорлық бір күнде пайда болмайды. Оның алдында көбіне қорқыныш, қысым, үнсіздік, тәуелділік, қордаланған реніш пен дер кезінде көрсетілмеген көмек тұрады. Қауіптісі – осы жағдайлардың уақыт өте қалыпты құбылыс секілді қабылдануы.

Сондықтан, бүгінгі әңгімені тек «Зорлық жасаған адам қалай жазаланады?» деген сауалмен шектеу жеткіліксіз. «Осы қасіретке жетпей тұрып, біз не істей алдық?» деген сұрақ та әрқайсымыздың алдымызда тұруы тиіс.

Қазақ «ағайынның аза-ры болса да, безері болмайды» деген. Бүгін сол жанашырлықтың түрі өзгергенімен, мәні өзгермеуге тиіс. Көршінің үйінен жанжалдың даусы естілгенде «өздерінің мәселесі» деп теріс ай-

Сондықтан, балаларымның көз алдында үнемі жанжал болып, олардың болашағына зиян келуін қаламадым, – дейді Раушан.

Ажырасу барысында балалардың қамқорлығы, алимент пен ортақ мүлік мәселелері де көтерілген. Раушан бірінші кезекке перзенттерінің мүддесін қойған.

Алайда, отбасының басына түскен ауыртыпалық мұнымен аяқталмаған. Оның айтуынша, ажырасудан кейін бұрынғы күйеуі өзіне қол жұмсап, қайтыс болыпты. Осылай бес бала әкесінен айырылды. Раушан бала кезінде бірге шаңырақ көтерген жары мен балаларының әкесінен көз жазып қалды. Бүгінде перзенттерін өзі тәрбиелеп отыр.

Басынан өткен жағдай оның жастардың отбасы құруына көзқарасына да әсер еткен. Қызы ерте тұрмысқа шыққысы келгенде, алдымен білім алып, мамандық игіріп, еңбек етуге кеңес берген. Қызы анасының ақылын тыңдап, бүгінде өз шаңырағын көтеріп, анасына жиен немере сүйгізіп отыр.

– Отбасы құру – үлкен жауапкершілік. Алдымен білім алып, мамандық игіріп, еңбек етуге, отбасыны асырауға дайын болған жөн. Жастықпен қабылданған шешімнің салмағы кейін сезілуі



• МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ САҒЫНБЕК ТҰРСЫНОВ – 80 ЖАСТА

Ірі болудың іргетасы

Қарағанды облысының тумасы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Сағынбек Тұрсынов 80 жасқа толды. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен І дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

Сағынбек Тоқабайұлы Талдықорған облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Германия Федеративті Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі, Президент Әкімшілігінің басшысы, Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елші, Қазақстан Республикасының Вена қаласындағы халықаралық ұйымдарындағы Тұрақты өкілі, Венгрия және Болгария, Румыния, Чехия мен Словакия елдеріндегі Төтенше және Өкілетті Елші қызметтерін атқарады. 2007-2013 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияны басқарды. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің, Қазақстан Республикасы 4-шақырылған Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

Бұған дейін «Құрмет Белгісі», «Құрмет», «Парасат», ІІІ дәрежелі «Барыс» ордендерімен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Алтын медалімен, Венгрияның Корольдік орденімен марапатталған.

Сағынбек Тұрсынов – экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Ұлттық инженерлік академиясының академигі, Ф.Кафка атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы Дипломатиясының еңбек сіңірген қайраткері.

Жерлес ағамызды мерейтойымен және соған орай алған жоғары наградасымен құттықтай отырып, бүгін біз Сағынбек Тоқабайұлы туралы жазылып жатқан кітаптың бір тарауынан үзінді жариялаймыз. Авторы – бұған дейін Мұстахым Ыксанов, Ұзақбай Қараманов туралы тұмырнамалық кітаптар жазған белгілі журналист Қайнар Олжай.

РЕДАКЦИЯДАН

Сағынбек Тоқабайұлы өскен Қызылту ауылының маңайында тарихи ескерткіштер тұнып тұрған.

Жамантаз тауы, ондағы үңгірдің өзі неге тұрады. Беріде үңгірге Венгрияның ғалым-этнографы Питер Кум арнайы келіп сипаттамасын жазған. Табылған құнды жәдігерлердің сырын ашуға ұмтылған.

Біз Питер Куммен 1998 жылы Монголияның Баян-Өлгей аймағында жолыққанбыз. Олар мұнда көне қыпшақтарды зерттеу бағдарламасы бойынша келіпті. Сонда Питер бұл сапардың алдында Орталық Қазақстанды аралағанын, бағзы замандардың табы мен ізін көптеп тапқанын айтқан. Біз Питерді телекамераға түсіріп, «Хабар» агенттігінің эфирінен көрсеткенбіз.

Питер Кум Венгриядан келді демекші, өз кезегінде Сағынбек Тұрсынов дәл осы мемлекетте Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі қызметін абыроймен атқарған. Өне, адамдардың тағдыры қалай өзара өріліп жатыр десеңізші. Өлбетте, Тұрсыновтың елші болуына дейін қаншама уақыт пен алынатын асулар жатыр, сондықтан оларды кезегімен баяндауымыз керек.

Бала кезінен мал баққан Сағынбек Бесобаңның айналасындағы тастардан талай рет таңба көретін. Қазақтар қолына үйреткен түйе мен жылқыны айтпағанда, ол таңбаларда жабайы аңдар, оларды аулауға келген аңшылар қашап салынған. Күн шыққан ертеңгілік пен күн батардағы кешкілікте жылтыр қара тастағы таңбалар жалтырап көрінетін.

Ал ол неге мектепке барудан бұрын мал бағып кетті? Бұл сұрақтың жауабын тағы солайақ саясаттан іздеу керек. Соғыстан соңғы уақытта ел біртіндеп есін жинап, қолына мемлекеттіңінен басқа азкем мал ұстауға көшті. Соның еті мен айран-сүтін азық етіп, колхоздың еңбек күні қашан қолға тигенше күн көре бастады.

Міне, осы сәл-пәл жақсылықты озбыр Орталық тағы казактан қызғанды. «Жекеменшік малды үкіметтің малымен қосып ұстауға болмайды» деген ызғарлы пәрмен түсті. Мәскеуден Алматыға, Алматыдан бүкіл облыс орталықтарына жеткен пәрмен енді аудандарға тарап, әрі қарай бүкіл даланы шарлап кетті. Баяғы отыз екінші жылғы ашаршылықтан аман қалғандар тағы сол кепке ұшырағалы тұрды. Қара халықтың күнкорекі көзі, жалғыз тірегі – азын-аулақ мал болса, екінші рет содан айратын өктемдік белең алды.

Тоқабай үкіметтің ұзын құрығы ұзын екенін бұрыннан сезетін. Қарқаралыға жетіп, енді ауылдың шетіне ілінген тәртіптен елдің берекесі қаша бастағанда алдымен қимылдады. Бірнеше күн қабағынан қар жауып, үнісіз жүрді. Ақыры мынандай шешімге келді.

1952 жылдың қақаған қатал қысы. Дүние аппақ кебін жамылып, аяз бет қаратпай тұрған шақта Тоқабай ат шанаға салып, Төлеубек апайы мен алты жасар Сағынбек екеуін ел аяғы қасыпты. адам ізі түспейтін биыр шет, айдаладағы иен қыстаққа апарып

тастады. Бұл кезінде қызылдарға қарсыласып, олардан қашқан, сол үшін де өкімет «банда» атандырған ұлттық қозғалысқа қатысқанлардың тығылған жері екен. Оны Тоқабайдың қалай білгені жұмбақ.

Жан-жақта меніреу таулар. Ай-қайласаң дауысын жаңғырған-кеменнен басқа «ау» деп үндесетін ешкім жоқ. Пысық Тоқабай бірнеше жыл колхоз малын баққан-да құрап-септеп өсірген төрт-бес сиыр мен он шақты қойды осында айдап әкелді. Өпкесі мен баласының тіршілігіне қажетті бірек қап бидай, малға аз-маз шөпті шанаға тиісп және келді. Бары осы ғана. Басқасын Аллаға аманат етіп өзі колхоз қойын бағуға кетті. Айдалада алпысты алқымдаған кемпір мен алты жасар бала қалды.

Апасы Сағынбектің ерте есейгенін қалаған шығар, әлде амалсыздықпен болар, әйтеуір алғаш рет атқа мінгізіп, тізгінді қолына ұстатты. Күннің жарық уақытында мына малды жайып келу керек.

«Дала жыртқыштарына сес болсын» деп мығына ауыр мылтықты асып қойды.

Бұлар мекен еткен ескі таң мен мал қора жапсарласа салынған. Түн баласында үйдің кішкентай терезесінен сыртқа қараудың өзі қорқынышты: қараңғылық қойнауынан бұларды торуылдаған аш қасқырлардың оттай жанған көздері жылтырайтын. Суық түндерде олардың ұлыған үні сүйектен өтіп, жүректі сыздататын, адам бойын еріксіз дірілдететін.

Азықтықтан бары – бидай. Тамақ жасап ішу үшін қол диірменді айналдыру керек, Сағынбектің әлсіз қолының оған қауқары жетпейтін. Жасы алпысты алқымдап қалса да, қайсар апайы бар күшін жиып, диірмен тасын айналдырады. Осы көріністер Тұрсыновтың көңілінен ешқашан өшкен емес.

Өлместің күнімен екеуі көктемге жетті. Оған дейін жан баласын көрмей, айдалада екеуі ғана қыстап шыққан. Сол кездері ауылдағылар: «Бұлар тірі ме, әлде үсіп өліп қалды ма?» деген үрейлі сұрақты іштей ғана қояды екен. Өйткені, жеке малды тығып отырғанын өкімет білсе, тағы да көмпескелеп алады. Әрі Тоқабайды соттауы да ғажап емес. Ара-тұра амандықты білуге ол заманда хабар беретін байланыс құралы атымен жоқ.

Мамыр айының соңына қарай, айнала жасыл желекке оранғанда, жапан даланы гүр-гүр еткен дыбыс дүр сілкіндірді. Өлі өз көрінбеген трактордың гүрілінен апа мен баланың зәресі ұшты. Сөйтсе, бұл Тоқабайдың өтінішімен іздеп келген ағайындар екен. Амандық-саулықтан соң Сағынбек осы бір оқшау өмірден қашқысы келіп, трактордың соңындағы шанаға тығылып қалады. Оны көрген апайы:

– Қарағам-ау, мені мына меніреу далада жалғыз қалдырмақсың ба? Мен жалғыз қалай күн көремін? – деп еңіреп қоя берді. Сол сәтте баланың жүрегі шым ете қалды. Өзін ғана ойлаған ер келігі үшін ұялып, ана орнына ана болған апайын мұндай жалғыздыққа қия алмайтынын түсінді. Бұл – өмір атты үлкен мектептен



алған алғашқы қатал да ащы сабағы еді! Бірде әкесі бұл тұратын апайдың үйіне келіп, 8 жасар Сағынбекті өзімен алып кетіп Бесобада киноға апарған.

Апасының қасында жүргенмен ара-тұра қойшы әкесінің үйіне де барып, бірнеше күн қолғабыс жасайтын. Ол кісі мал соңында. Кейінгі әйелінен бірнеше жас бала бар. Қарайласып, көмектесетін ешкім жоқ. Көктем мен күзде қыстаудағы үйді сылайды. Қораны жөндеседі. Қорадан қиды ойып, шығару мен тоғайдан отын тасып алу сияқты ауыр жұмыстар болса міндетті түрде істеп береді. Әкесіне алансыз қой баққызып, өзі мініс аттары мен сауын сиырларға ие болады.

Бірде ерте көктем еді. Күн жылынып, айнала балбырап тұрған. Енді көк шығып, Арқаның даласы аз уақыттан соң құлпырып кетпек. Каникулға шыққан соң тағы қыстаудағы әкенің үйіне барған. Демалу емес, жәрдемдесу үшін. Ымырт үйірілген шақта өрістен қайтпаған сиырларды іздеп, төбеге шығады. Ол кезде Сағынбек әлі он жасқа толмаған.

Іздеген малы өзеннің арғы бетіндегі алыстау тұста жайылып жүр екен. Асықпай атпен баяу ағып жүрген өзеннен өтіп, сиырларды қайырып әкелмек болған. Бірақ қайтар жолда күтпеген кедергі кездесті. Таулардан еріген қар суынан өзеннің денгейі күрт көтеріліп, арындап кетіпті. Сиырларды қанша айдаса да гүрілдеп жатқан ағыстан жасқанып, өзенге түсе алмады. Көпір деген атымен жоқ, жұрт тек өткелден өтетін заман емес пе.

Қас қарайып, айналаны қою қараңғылық басқанда он жасқа толмаған бала жапан далада жалғыз қалды. Қорықса да бойын намыс бұды, жігерін жинады. Енді өзеннен әрірек қырдан панаа іздеді. Талай кезген даласы емес пе. Иен тұрған ескі қыстауды білетін. Соны адаспай тауып алып, малды қораға қамайды. Қай жылдан қалғанын кім білсін, қораның төбесінде азынтай шөп бар екен. Соны төмен түсіріп, ат пен сиырларды алдарына себелеп тастады. Өзі қора ішіндегі оттықтың ішіне ер-тоқымды жастауын жатады. Бәрібір көзі ілінер емес. Қайтадан шоқнып отырады. Аспандағы Айдың ақ сәулесі қораның жарық-жарық тесіктерінен сығалап, ішке себегізлейді. Сол тесіктерден әлдебір жыртқыштың суық жанары қарап тұрғандай, қораға қасқыр кіріп келетіндей бойын үрей билейді. Бірақ, ара-тұра атының пысықарған, сиырлардың күйіс қайыраған дыбысы үлкен медеу болды. Балаға «қорықпа, біз қасындамыз» дейтіндей. Сыырда мүйіз бар, аттың артық аяқпен тепкені кез келген арлан қасқырды сессей қатырады ғой. Соларды ойлап жатып ақыры ұйықтап кетіпті.

Таң жарқырап атқанда оны бозторғайдың шырылы оятты. Бала әрі қарай не істеуді ойлады. Бұл маңда ел-жұрт бар шығар деп атын ерттейді. Сиырларды шығармай қораның қашасын мықтап жауып, төбеден-төбеге көтеріледі. Биіктеу бір тауға шыққанда алыстан будақтаған жұқа түтінді көрді. Жүрегі қуаныштан жарыла жаздап, сол бағытқа қарай атының басын бұрған.

Бұл колхоздың малшысының үйі екен. Есік алдында самаурын түтетіп жатқан егде тартқан апай қарсы алды.

– Қарғам-ау, Тоқабайдың үлкен ұлысын ба? Бұл жақта қайдан жүрсің? – деді ол кісі таң қалып.

Сағынбек аттан түсіп, амандасқаннан кейін басынан өткен жайды баяндап береді. Әлгі әйелдің көзі жасаурап:

– Ой, қарғам-ай, мына айдалада жалғыз қалған екенсің ғой! – деп, мұны құшақтап, бауырына басты. Аналық мейіріммен үйіне кіргізіп, ыстық шайы мен асын беріп, бәйек болды.

Түске қарай қойды қыстауға жақындатып үйдің иесі келді. Барлық оқиғаға қаныққан соң Сағынбекті ертіп, манағы иен қораға келді. Екеулеп сиырларды қамаудан шығарып, шопанның қыстауына айдап келді. Бірер күн осы үйде түнеді. Тау басындағы қар толық еріп, өзендегі тасқын басылғанда сиырларды судан аман-есен өткізіп, Тоқабайдың қыстауына оралды.

Ұлын көре сала жайшылықта мінезі тым қатты, тіпті қатыгездеу көрінетін әкесі жылы жүзбен қарсы алды. Сағынбекті бауырына қатты қысып:

– Сен нағыз ер-азамат болғаныңды дәлелдедің! – деді дауысы дірілдеп.

Баласы үн қатпады. Тек ішінен:

– Сіз мені іздеп келе алмадыңыз, маған Құдай мен өзімнің намысым ғана көмектесті, – дегенді ойлады.

Бұл төтенше оқиға Сағынбектің бойында алғаш рет өз күшіне деген сенімді ұялатты. Әрі өмірге деген құптарлығы еселене түсті.

Оның тағдырындағы күрт бұрылыс мынадай. Аялап өсірген апайы мұның 14 жасында дүниеден озды. Әкесі қияндағы қыстауда. Бесобада орта мектеп болғанмен, жанында интернат әлі ашылған емес. Ауылдағы мектепті енді бітіретін бозбала әркімнің жұмысын істеп беретін. Бәрі қолынан келеді. Әр үйден тамақ ішеді. Сабағын қарап алған соң кімнің үйінде қандай шаруа бар, соны тындыруға барады. Бүкіл ауылдастары жақсы көреді. Жаны ашпиды. «Осы сары бала пысық. Шаруаға епті. Бәрін тындырып, тез істейді», – деп мақтайды. Бірақ, суырылып бұған көмек беруге дәрменсіз.

Әкеден де дәрмен кеткен. Жасы жетпіске жетіп, зейнетке шыққан. Бұрынғыдай адуынды емес, қауқарсыз күйге түскен. Не совхоздың, не бөлімшенің орталығында баспанасы болмағандықтан сол баяғы қиырдағы қыстақта, сыз тартқан ескі қабырғалардың арасында қала берді. Балалары жүдеу. Олар енді мектепке баруы керек. Бұл сияқты ер туыстың үйін сағалап оқып жата ма?

Осы жағдай Сағынбекті қатты ойландырды. Жасы кіші болса да, жүрегінде бір батыл шешім пісіп-жетілді. Кезінде өзіне қарамай қойған әкесін бәрібір мұндай оқшау жерде қалдыруға хақысы жоқ екен. Алайда не істей алады? Бесобада да, Қызылтуда да дайын тұрған үй қайда?

Бір күні тосын шешім қабылдады. Тәуекелге бел буып, «Бесоба» совхозының Қызылту бөлімшесінде тұратын, ел сыйлайтын кадрлі Жақан ақсақалдың үйіне бет алды. Ол әрі Тоқабайға ағайындас қария болатын. Ара-тұра онда да отын жарып, су тасып, малын жайғап беріп дегендей көмегін көрсетіп кететін.

Ол кезде жұрттың бәрі жаңа үй салып, ауылға шоғырланып жатқан. Ақсақал да ересек ұлдарын жұмылдырып, сыңғырлаған үй салып алған. Сағынбектің әкесіне осы үйден уақытша басын сұғатын

бір бөлме болса да пана керек еді.

Бозбала Жақан ақсақалдың алдына барып, сәлем берді. Ол кісі – етікші. Тағы сол кәсібімен айналысып отыр екен. Сағынбек шегесін әперіп, біз бен тарамысты ыңғайлап қойып, біраз көмектесті. Қарттың бәйбішесі мұны бала санамай лезде шай демдеп, дастархан жаяды. Сонда барып Сағынбек ізетпен сөз бастаған:

– Жақан ата, өзіңіз білесіз, әкем зейнетке шықты. Қазір оған сізден басқа қол ұшын созатын жақын адам жоқ, – деді.

Сақалын саусағымен тарамдаған Жақан қария бұған сәл таңырқай қарап:

– Е-е, балам-ай, сенің әкең екеуіміз қай бір жылы ренжісіп қалғанбыз ғой, – деп өткенді есіне алған.

Сонда Сағынбек саспастан:

– Мен ондай реніш туралы естімеппін. Керісінше, өткенде көптің ортасында әкем сізді мақтап, «қазіргі көзі тірі үлкеніміз де, ең жақын ағайынымыз да – осы Жақан ағамыз» деп отырғанын естіп едім, – дейді.

Бұл сөз ақсақалдың жүрегіне жылу ұялатқандай болды. Көздері мейірімні:

– Расымен солай деді ме? – деп қайта сұрады.

– Өрине! Ол кісі сіздің ерліктеріңіз бен азаматтығыңызды үнемі үлгі етіп айтады, – деп Сағынбек өзінің де, алдындағы ақсақалдың да сенімін бекіте түсті. Көп ұзамай қарияның жібіп:

– Үйімнің бір бөлмесін берейін, үйлерің дайын болғанша сонда тұрындар. Аулаға киіз тігіп алындар. Өне, жер жетеді, – деген сөзін естігенде төбесі көкке жеткендей болды.

Дереу мал фермасына баратын жүк машинасын тапты. «Жол-жөнекей тастап кетесіз ғой» деп шофермен келісті. Қыстаққа келіп, әкесіне «сүйінші» хабарды жеткізді. Әкесі бұған Жақан солай деді ме еді. Алғашында сенбегенімен, баласының «Бір атта бойы сол кісінің үйінде болдым, бәрі сізді күтіп отыр» деген сөзіне иланып, көшуге бел бұды.

Сол күннен бастап жетінші сыныпты жаңа бітірген Сағынбек әкейді шаңырағының іргетасын қалауға кірісті. Ауылға жыл сайын үй салуға келетін армяндар болатын. Олар бұл жылы мектепке қосымша жалғас ғимарат салуға келіпті. Ауылда біреу оларға тұрғын үй салғызға келісіпті.

Мұндай келімсек құрылысшылар кітап авторы туған Семей облысында да кездесетін. Кавказдың чешен, ингуш, армян сынды ұлттарынан тұратын құрылыс бригадалары жаз шыға қазақ даласына ағылатын. Сөйтіп үш-төрт айда бір жылдық табыстарын тауып, елдеріне қайтып кететін.

Бозбала Сағынбек солардың басшысы болып жүрген бригадирмен жолықты. Онда сатырлаған акша жоқ кез, армяндардың еңбекақысын малмен есептесуге ұсыныс айтты. «Сіздер жаз бойы шашлық пен басқа тамаққа ет аласыздар ғой. Сонымен қой мен, тіпті, сиыр сойып беріп біз қамтамасыз етейік» дейді бозбала. Осылайша әлгілермен екі бөлмелі, кіреберісі далаңы бар, жанында қора-қолсысы болатын үй салып берулеріне келісті. Әкесі Тоқабайдың қолында біраз меншік мал қалған.

Сонымен Сағынбек сүйікті күрен атын мініп, саман құятын балшық қырманды айлады. Не керек армяндардың қасында күндіз-түні бел жазбай еңбек етті. Балтыры боршаланып, қолы қажалды. Бәрібір жалдамалы құрылысшылармен қосылып кірішпін қалау мен іргетас құюдың қыр-сырын өз көзімен көрді, өз қолымен бірге істеді. Қазақтың балаға қарата айтылатын «істегенің бізге жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы» дейтіні айна қатесіз екен.

Көп ұзамай екі бөлмелі еңселі үй мен оған жапсарлас қора да дайын болды. Жасы жетпіске іліккен әкесінің барар жері, сүйенер туысы жоқтай көрінгенмен, баласы екеуі жұдырықтай жұмылып, тағдырдың тауқыметін жеңіп шықты. Ел қатарлы бұлар да Қызылту ауылында өз баспаналарында тұратын болды.

Бұл Сағынбектің өмірдегі алғашқы үлкен іргетасы – тек үйдің ғана емес, ер азаматтық намыстың іргетасы еді.

Қайнар ОЛЖАЙ,
журналист

• КӘСІПКЕРЛІК

Ауыл кәсіпкерлігі алданыш емес

Ауылдағы кәсіптің үлкен-кішісі жоқ. Бір елдімекенде дөңгелек жөңдейтін шеберхана ашылса, тұрғындар аудан орталығына сабылмайды. Екінші ауылда наубайхана іске қосылса, дастарқанға күн сайын ыстық нан келеді. Ал, гүл павильоны, жылыжай, тұрмыстық техниканы жөндеу орталығы секілді шағын кәсіптер ауыл тұрмысының қажетіне жарап қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік туғызады. Бұқар жырау ауданында мемлекеттік грант иеленген тұрғындардың бастамалары дәл осындай күнделікті қажеттіліктен туындаған.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл ауданда әлеуметтік осал санаттарға жататын 18 азаматқа жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік грант беру жоспарланған. Өр гранттың көлемі – 400 айлық есептік көрсеткіш, яғни, 1 миллион 730 мың теңге. Бұл қаражат қайтарымсыз берілгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік тұр. Өйткені, грант иелену – істің соңы емес, кәсіптің алғашқы баспалдағы.

Мемлекеттік қолдау кәсіп бастауға берілетін жай ғана қаржылай көмек емес. Бұл дегеніміз – талапты жанның бастамасына мемлекет тарапынан білдірілген сенім, тың идея қанат бітіретін мүмкіндік. Әрбір гранттың артында бір отбасының үміті, ауылға қажетті жаңа қызмет пен келешекте ашылатын жұмыс орны тұр. Сондықтан, қолдау алған азамат грант иеленумен ғана шектелмей, бастаған ісін баянды кәсіпке, тұрақты табыс көзіне айналдыруға ұмтылуы керек. Бүгін шағын қадмнан басталған кәсіп ертең өрісін кеңейтіп, ел игілігіне жараған бере-келі іске айналуы әбден мүмкін. Біз үшін ең маңызды нәтиже – бөлінген қаражаттың игерілуі ғана емес, жаңа кәсіптің тамыр жайып, тұрғындарға пайдасы тигізуі, – деді Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын.

Қала іргесіндегі Үштөбе ауылы – тұрғындар саны көп, көлік қозғалысы үзілмейтін іргелі елдімекен. Соған қарамастан, автокөлік дөңгелетін жөндеу немесе маусымға қарай ауыстыру үшін тұрғындардың басқа елдімекенге баруына тура келетін жағдайлар кездеседі. Әсемнің жобасы осы қажеттілікті өтеуге бағытталған. Ол бөлінген қаражатқа арнайы станок, автокөлік дөңгелектерін теңгерілдеуге арналған жабдық, компрессор және өзге де қажетті құралдар сатып алмақ. Кәсіпкер алдағы уақытта көрсетілетін қызмет аясын кеңейтіп, тұрақты тұтынушылар қатарын көбейтуді көздейді. Жоба қимылды жұмыс істей бастаса, жаңа жұмыс орындарын ашу да жоспарда бар.

Үштөбедегі тағы бір жаңа бастама – Диана Құлатаеваның гүл павильоны. Бұл идея да ауылдағы нақты сұраныстан туған. Елдімекенде гүл сататын орын болмағандықтан, тұрғындар мерекелік шараға немесе жақындаларына гүл алу үшін қалаға баруға мәжбүр.

Осы кәсіпті бастамас бұрын әуелі «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша білімді жетілдіріп, арнайы бизнес-жоспар әзірледі. Кейін құжаттарды конкурстарға ұсынып мемлекеттік грант иегері атандым. Енді осы бөлінген қаражатқа павильон мен гүлдерді ұзақ сапалы мерзімде сақтауға арналған тоназытқыш сатып алуды көздеймін. Көпбалалы ана ретінде мемлекеттің қолдауы маған зор мүмкіндік берді. Енді өз ісімді одан әрі ілгерілетіп, халықтың сұранысына сай жұмыс істесем деймін, – дейді Диана Құлатаева.

Келесі бір кәсіп иесі – 1 Май ауылының тұрғыны Иван Булавкин. Ол грант қаражатын бұрыннан айналысып келе жатқан шаруашылығын ілгерілетуге жұмсамақ. Ол өз ауласында қияр, қызанақ, қартөп және басқа да көкөністер өсіреді. Енді гранттың көмегімен үш жылыжай, су сорғысы мен суару шлангіларын сатып алуды жоспарлап отыр. Жылыжай да өз кезегінде шаруашылық өнімін ашық алқапқа қарағанда ертерек алуға және ауа райының қолайсыздығына төуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

• РЕСМИ

Баланың несібесі кемімейді

Облыстық прокуратура кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және сот шешімдерінің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Жыл басынан бері прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесінде мемлекет кірісіне 323,9 млн теңге өндірілген. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 252,4 млн теңге көлеміндегі алимент берешегі өтеліп, жүздеген баланың алимент алуға қатысты заңды құқықтары қалпына келтірілді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Прокурорлық қадағалау барысында заң талаптарын бұзғаны анықталған 58 сот орындаушысы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сот шешімдерін орындаудан жалтарған 41 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Алимент төлеуден қасақана жалтарған азаматтарға қатысты қылмыстық-құқықтық шаралар да қолданылуда. Атап айтқанда, биыл Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша 23 сотқа дейінгі тергеп-тексеру тіркеліп, төрт борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Мәселен, өңір тұрғыны «3» үш айдан астам уақыт бойы кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеуден жалтарған. Соның салдарынан оның берешегі 2,7 млн теңгеге жеткен. Сот үкімімен азаматқа бір жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Сонымен қатар, оған пробациялық бақылау белгіленіп, жыл сайын 100 сағат көлемінде мәжбүрлі еңбекке тарту міндеті жүктелді. Прокуратура ата-ананың баласын асырау міндеті моральдық жауапкершілікпен қатар, заңмен бекітілген міндет екенін еске салады. Сот актілерін орындаудан жалтару әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

Облыстық прокуратура сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмысты жалғастырады. Бұл мәселе прокуратура органдарының тұрақты бақылауында.

• ӨЗЕКТІ

Сапар астарындағы ақиқат

Бір шаһар ішінде бір бағыттың бағасы бір күнде екі немесе үш есеге өзгеруі кәдік қазірде. Қарағандыда санаға салмақ салып қоярлық «қалыпты құбылыс» жолаушыны кәдімгідей сарсаңға салып қоятын жері де бар. Такси бағамы қымбаттаған сайын қарапайым тұрғын жалақысының оған ілесе алмай келе жатқаны анық сезіледі. Мәселенің мәнісі тек тарифте болмас. Бағаның арғы тұсында сұқсыр сұраныс, уыста тұрмас уақыт, кейде көлік тапшылығы және сыры жасырынған алгоритмнен құралған тұтас механизм бар...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тариф тізгінін кім ұстап отыр?

Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтеріне үңілгенімізде жыл басынан бері қазақстандықтар такси қызметіне бұрнағыдан әлдеқайда жиі жүгінетінін білдік. Қаңтар-сәуір айларында тасымалдаушылар тарабы 74,5 млн жолаушыға қызмет көрсеткен. Демек, такси дегеніміз «көлігі жоқтардың» сән-салтанаты деуге келмес, қаланың күнделікті тіршілігіндегі инфрақұрылым тетігіне айналғалы қашан. Бәсі қасқалдақтың қанындай болған такси қоғамдық көліктің күнбе-күнгі орынн біртіндеп ығыстырып келердей. Сұраныс артса, баға да шарықтайды. Сұраныс атаулысының өзін артқа тастаған тариф неге жағымнан сипатпай тұр?! Нәсілктен әсте жығымсыз жайт – арифметикалық емес, геометриялық прогрессияға ұласа берді?

Бірақтар такси сервистерінің басшылары тарифтің мұншалық қымбаттап жатқанын жасырмайды. «Ымбаппап, ымбаппап, такси кетті қымбаттап!» деген су жаңа мәтел халық арасында гулеп жүр. Тіпті, әнге қосып айту ғана қалғандай... Салалық сервистер өкілдерінің алға тартқан мәліметіне сенсек, бытыр тарифтің базалық өсімі шамамен 8 пайызды құраған. Қағаз жүзінде аса жоғары көрсеткіш болмағанымен, тіпті, ресми инфляция деңгейінен де төмен көрінеді. Бірақ, мұнымыз – тек бастапқы қисап көлнекесі ғана. Бір сапардың өзіндік құны бірнеше құрамдас бөліктен тұрады. Оның шамамен 12 пайызы жанармай шығынына тиесілі болса, 30 пайызға жуығын «рэйзинг» деп аталатын шығындар құрайды. Яғни, көліктің қажетті уақытта, қажетті жерден табылуын қамтамасыз етуге кететін шығын. Дәл осы екінші фактор қарапайым арифметикалық өсімді геометриялық прогрессияға айналдырады екен-мыс. Әр мезет, табиғат маусымы, әр мереке калыпты бағамды белгілі бір коэффициентке көбейте салады. Коэффициенттер көшкіні жалақы сынды жылына бір рет индекстелмейді. Асау алгоритм оларды әр минут сайын қайта есептеп отырады.

Бұған нарық ойыншыларының өздері атап отырған кәдімгі факторлар да қосылмақ. Жанар-жағармай мен автокөлік бөлшектерінің қымбаттауы, жүргізушілердің жалақыға деген талабының өсуі, ең «сезімтал» тұсы – агрегаторлар алымының артуы жолаушы сапарын «барса, келгісіз» етегіңдей халге мұқтаж қыла түседі. Жеке тасымалға сұраныс еселеп өскенімен, нарықтағы бәсеке әлі де әлсіз. Жолаушының көз алдында іс жүзінде бағасы мен қызметті жағынан бір-біріне тең үш-төрт сервистің таңдауы болмаған жерде, нарықтағы басым тасымалдаушылардың бағаға қатысты маневр жасау мүмкіндігі де адымдап арта түседі.

Кім ұтты, кім ұтылды?

Мұндағы мәселе мынада. Жол қысқартушы үшін бағаның өсуі жүргізушінің табысы да дәл сондай мөлшерде артады дегенді білдірмес. Таң алакеуімен көзін тырнап ашып тұрған, он екі сағат бойы рөлде отыратын сол жүргізушінің жағдайы мүлде басқаша. Бұл тізбекте агрегатор – баға қалыптастырудың толыққанды қатысушысы. Ол болса, әр сапардан алым ұстап қана қоймай, тарифке жоғарылатушы коэффициентті қашан қосу керектігін шешетін алгоритмді де басқарады. Жүргізуші өскен жолақының белгілі бір пайызын алады. Бірақ, инфляцияның бүкіл салмағын өзі көтереді. Техникалық қызмет көрсету шығындары оның табысынан әлдеқайда жылдам қымбаттайды. Яғни, жолаушы көбірек төлегенмен, жүргізуші соған сай көбірек табыс таппайды. Мәлім жайт, арадағы айырма платформаның пайдасында қалады. Бағаның «қымбаттауы» деген сөздің астарында жатқан негізгі жұмбақ механизм де – осы. Анықтағанымыздай, экрандағы цифр ақша ағынының бүкіл тізбек ішінде қайта бөлінеді. Оның екі шетінде – жолаушы мен такси жүргізушісі. Екеуі де қымбатшылықтың салмағын сезінеді. Ал, осы тізбектегі үшінші, көзге көрінбейтін қатысушы ұтатын жағдайда қалады.

Назар аударсақ, рөлде отырғандардың өз шыңдығы бар. Және ол сарапшылардың есептеріндегідей жылтырап тұрмағаны анық. Көлік тұрақтары мен галлатор кеністігіндегі форумдарда жүргізушілермен болған әңгімелердің түйіні бір жерге келіп саяды. Жанар-жағармай бағасы сервис алымының төмендеуінен жылдамырақ өсіп жатыр. Несиеге алынған көлік жылына бір реттен жиі жөндеуді қажет етеді. Ал, жолаушы артық төлем деп қабылдайтын «қарбалас сағаттар» жүргізуші үшін тапсырыс күтіп, бос өткен күннің шығынын өтеу арқылы ең болмаса, табысқа шығудың жалғыз мүмкіндігі болып отыр.

– Бағаны біз белгілемейміз. Оны қолымыздағы қосымша белгілейді. Бірақ, неге екені белгісіз, наразылық бізге бағытталды, – деп такси жүргізушілерінің көбі жолаушылар шағымы туралы сөз қозғалғанда өз уәжін осылайша түйіндейді.

Жолаушы талабы да ескерерлік. Адамдар жүргізушінің еңбегіне сай әділ ақы төлеуге дайын. Есесіне бір сапар үшін ғана тәуліктің әр мезгілінде әр бағам сомасын төлеуге келіскісі жоқ. Әсілі, қарағандылықтарды бағаның өсуінен гөрі оның қалай белгіленетіні көбірек алаңдатады.

Баға, қайда барасың?

Биыл мамырдан бастап, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі такси тасымалдаушыларына қатысты хабарлама беру тәртібін күшейтті. Ендігіде жергілікті атқарушы органдарға ха-



Қолжазды жасаған Айбек Рахымжан

барлама тапсырған кезде көліктің мемлекеттік нөмірі мен шығарылған жылын көрсету қажет. Бір қарағанда, мұнысы техникалық талап қана секілді. Алайда, ол нарықты бақылау мен қадағалау үшін саланың ашықтығын арттыра түседі. Қазақстан такси қызметтерінің республикалық қауымдастығы өз кезегінде мәселені нысаналы түрде шешуді ұсынып отыр. Яғни, агрегаторлардың серіктес жүргізушілерден алатын ең жоғары алым мөлшерін шектеу қажет деп санайды осы тарап. Қауымдастық өкілдерінің бағалауынша, нарықты өркендетті цифрлық реттеу бүгінде құқықтық алаңнан тыс жұмыс істеп жүрген 50 мыңнан астам жүргізушіні «көлекен» шығаруға септігін тигізеді.

Quest MRC агенттігінің биыл ақпанда жүргізген тәуелсіз мониторингі нарықтағы ахуалдың объективті көрінісін берердей. Зерттеу нәтижесіне қарағанда, танергені сапарлардың орташа құны күндізгіден қымбатырақ, ал кешкі уақытта тарифтер айтарлықтай төмендейді. Зерттеудің басты қорытындысы жағрапиялық айырмашылықта жатыр. Астана мен Алматыда жол жүрудің орташа құны өңірлерге қарағанда шамамен 40 пайызға жоғары. Бір қызығы, ұзақ сапарлар қысқа бағыттарға қарағанда ылыстырмалы түрде тиімдірек болып шыққан. Мәселен, 9-12 шақырымдық бағыттағы бір шақырымға шакқандағы тариф 2-4 шақырымға сапарға қарағанда едәуір төмен. Себебі, қысқа бағыттарда көлікті шақырудың белгіленген ең төменгі құны есепке алынады. Қымбат бағам тұрғысында Алматы, Астана, Атырау мен Ақтау аймақтары көш басында. Қарағанды рейтингте орта тұста тұрғанымен, алаңдатарлық ахуал жоқ емес. Қала аумағы агрегаторлар арасындағы бәсекелестік толыққанды жұмыс істеуі үшін тым шағын болғанымен, сапарға деген сұраныс көлік паркі жаңарғанша жылдам қарқымен өсетіндей жеткілікті халқы бар.

Агрегаторлардың орташа көрсеткіштері негізінде есептелген «Комфорт» тарифі бойынша Қарағандыда 5 шақырымдық сапар шамамен – 539 теңгені, 10 шақырымдық жол – 850 теңгені, 20 шақырым 1472 теңгені құрайды. 50 шақырымға (мысалы, облыс аумағына) шамамен 3339 теңге тұра-

ды. Жергілікті такси қызметтеріндегі «Эконом» тарифінде алғашқы 2 шақырым мен 10 минут күту үшін бастапқы ақы 300 теңгеден басталады. Мұнан соң әрбір келесі шақырымға шамамен 65 теңге қосылады. Ал, «Комфорт» тарифінде көлікке отыру құны 350 теңгеден басталады. Яндекс.GO нарықтағы ең қымбат ойыншы мәртебесін растап отыр. Ел бойынша оның қызметіндегі бір сапардың орташа құны 1134 теңге болса, қарбалас уақытта бұл көрсеткіш 1250 теңгеге дейін жетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қарағандыда нарық көпші басшысы мен оның бәсекелестері арасындағы баға айырмасы елдегі ең елеулілердің бірі болып жүру Яндекс.GO-ға қарағанда орта есеппен 19 пайызға арзан. Ал, Қарағанды мен Павлодарда жұмыс істейтін жергілікті Region Taxi сервисі жолаушыға әлдеқайда аз үнем береді. Яндекс.GO-мен салыстырғанда шамамен 8 пайыз. Яғни, оның қызметі inDrive-тегі сапардан шамамен 10 пайызға қымбат. Демек, бір қалада, бір бағытта, бірдей сапардың өзінде әр сервистегі баға айырмасы чек сомасының бестен біріне дейін жетуі мүмкін. Оның үстіне бұл міндетті түрде «қарбалас сағатына» әсте байланысты емес. Жолаушының қай қосымшаны ашқанының өзі бағаға әсер етеді.

Жайлылық тұзағы

Не дегенімізбен, он бес минутта жаяу жетуге болатын жерге де такси шақыру әдеті соншалық орнығып кеткендіктен, көптеген қарағандылықтың санасында қоғамдық көлік ақылға қонымсыз, тек амалсыздан жүгінетін «сонғы» нұсқаға айналған. Яғни, қалтасы жұқа жан-дардың таңдауы секілді қабылданады. Көзтаныс ахуал. Такси сапары 300-400 теңге тұрған кезде уақыт үнемдеу үшін артық ақы төлеу өзін толық ақтайтын бұрынырақ. Алайда, қарбалас уақытта тариф екі-үш есеге қымбаттағанда, есеп-қисаптың өзі жайлылықтың пайдасына жұмыс істеуден қала береді. Жеті минуттың орнына он бес минут жүретін, бірақ бірнеше есе арзан автобус қайтадан тиімді таңдау бола бастайды. Тек мұны көпшілік такси қосымшасын ашып, экраннан күтпеген жерден қос нөл артық тұрған

соманы көргенге дейін есіне түсіре бермейді.

Мәселенің әмбебап шешімі жоқ. Мұнда әрқайсымыз түйткілдің белгілі бір бөлігін шешетін бірнеше шараны қатар қарастырған жөн бе деген ойға қабыламыз. Біріншіден, цифрлық ашықтық қажет. Ортақ сапарға арналған қосымшалар емес, алдын ала белгіленген тарифпен жұмыс істейтін сервистер жолаушыға жолға шығар алдында қанша төлейтінін нақты білуге мүмкіндік береді. Екіншіден, корпоративтік және әлеуметтік шешімдерге назар аударған қолайлы. Кәсіпорындардың қызметкерлерін арнайы көлікпен тасымалдауы, студенттер мен зейнектерлерге жеңілдетілген жол жүру билеттерін ұсыну, сондай-ақ, дәл такси бағасы шарықтайтын «қарбалас сағаттарда» қоғамдық көліктің түнгі бағыттарын ұйымдастыру – сұранысты теңгеруге көмектесетін тетіктер. Үшіншіден, агрегатор алымына шекті мөлшер белгілеу ең алдымен, жолаушыны емес, жүргізушіні қорғайды. Ақырында, ең көп елене бермейтін, бірақ, қарапайым шешімінің бірі – пайдалы әдет. Орынды жерде қала тұрғындарының жаяу жүруге және қоғамдық көлікке қайта оралуы үшін заң да, қомақты инвестиция да қажет емес-ау! Тек такси шақыруға мәжбүрлейтін рефлексті қайта қарастырудың мәні бар. Яки, қолымыздағы қосымшаны ойланбастан ашпас бұрын, кейде «осы жерге жаяу барып қайтпа болмас па еді?» деп бір сәт ойланғаның өзі жеткілікті.

Жайлылыққа қаншалықты көбірек сүйенсек, одан бас тартуға соншалықты құлықсыз боламыз. Тіптен, бас тартқымыз келмеген сайын нарық та бағаны соғұрлым сенімді түрде көтере береді. Біз көлікке көбіне жүріп өткен шақырым үшін емес, ойланбау, жоспарламау, күтпеу құқығы үшін төлейтін болдық заңында.

Такси бізге жол қысқартты. Есесіне ойланатын аралықты да қысқартқандай. Қосымшаны ашамыз, көлік келеді. Бағаны көреміз де, жөнелеміз. Жолаушы тарифке шағынады. Жүргізуші табысқа шағынады. Агрегатор алгоритмге сілтейді. Ал, алгоритм сұранысқа қарайды. Сұраныс болса, баға өседі. Баға өссе, біз төлейміз. Осы шеңбердің ең қызық тұсында шығатын есік те бар. Оның тұтқаны біздің қос қолымызда.

• МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА


Кеншілер даңқына тағзым

Кеншілер өлкесінің мақтанышына айналған «Шахтер» футбол клубы Кеншілер күніне арналған мерекелік іс-шаралар легін бастап кетті. Айтулы күн қарсаңында клубтың негізгі құрамы, жастар командасы мен академия тәрбиеленушілері Орталық саябақта орналасқан «Кеншілер» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, кенші еңбегіне құрмет көрсетті. Сонымен қатар, Костенко шахтасындағы «Шахтер даңқы» монументіне және Мәдениет үйі алдындағы кеншілер ескерткішіне арнайы барып, шахтерлер рухына тағзым етті.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұжымды клубтың бас бапкері Андрей Финонченко мен команда капитаны Игорь Шацкий бастап келді. Олар жастарға үлгі көрсетіп, кеншілердің ерен еңбегіне құрмет көрсету – туған өлкенің тарихы мен дәстүріне тағзым етудің жарқын көрінісі екенін баса айтты.

– Қаланың басты символына айналған «Шахтер» футбол клубы мен кеншілер қауымының арасында терең, ажырамас байланыс бар. Кезінде ауысымнан шаршап шыққан жұмысшылардың жанына медеу, көңіліне де-меу болатын жалғыз қуанышы – футбол еді. Команданың «Шахтер» деп аталуының өзінде осы бір тарихи сабақтастық пен өндірісті өңірдің рухы жатыр.



Кеншілер шаһарының жастары өз өңірінің тарихын біліп, еліне елеулі үлес қосқан аға буынның

ерлігін әрдайым мақтанышпен еске алуы тиіс, – деді капитан Игорь Шацкий.

Алдағы уақытта мерекелік іс-шаралар легі жалғаса бермек. Клубтың медиа-директоры Акежан Ардақұлы «Шахтер» академиясының тәрбиеленушілері кәсіпорындарға арнайы барып, кеншілердің күнделікті еңбегімен жақынырақ танысып, өндіріс орындарына экскурсия жасайтынын жеткізді. Бұл бастаманың жас футболшыларға кенші мамандығының жауапкершілігі мен маңызын тереңірек түсініп, туған өлкенің еңбек дәстүрін тануға мүмкіндік беретінін баса айтты.

– Бұл бастаманың басты мақсаты – клуб сапындағы жас футболшыларға өңірдің бай тарихын ұғындырып, шахтер кәсібінің қадір-қасиетін дарыту. Бұдан бөлек, академия мен қыздар командасы «Қарағандыкөмір» мен

«Qarmet» кәсіпорындарына арнайы экскурсия жасап, ауыр өндіріс тынысымен жақын танысады. Мерекелік апталық спорттық бәсекелер мен ардагерлерге ізет білдіру шараларына ұласады. Екінші лига аясында өтетін «Шахтер» мен «Ертіс» клубы арасындағы кезекті матч та кеншілер тақырыбына арналмақ. Матч басталмас бұрын көпжылдық еңбек етілі бар өндіріс ардагерлеріне арнайы клубтық формалар табыс-талып, құрмет көрсетіледі, – деді ол.

Айта кетейік, мереке қарсаңында «Шахтер» мен «Qarmet» ұжымы ардагерлерінен жасакталған төрт команда арасында жолдастық турнир өтеді.

Суретті түсірген автор

• ҚАЗАҚ КҮРЕСІ


Күміспен күптелген намыс

Қазақ күресінен ел намысын әлемдік аренада қорғаған қарағандылық балуан Ерғанат Молдағұлов жүлделі орыннан көрінді. Ол Әзірбайжан астанасы Бакуде өтіп жатқан ересектер арасындағы XII әлем чемпионатында 100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күміс медаль жеңіп алды.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

22-23 тамыз күндері Baku Sports Palace спорт кешенінде өткен дүбірлі додаға әлемнің 30-ға жуық елінен 300-ден астам спортшы қатысты. Белдесудің сан қырын менгерген тәжірибелі балуандар бас қосқан байрақты бөсекеде ерлер мен әйелдер арасында 16 салмақ дәрежесі бойынша әлем чемпиондары анықталды.

Қазақстан құрамасы жарысқа барлық салмақ дәрежесі бойынша толық құраммен қатысып, ел қоржынына алғашқы күннен-ақ қомақты жүлде түсірді. Жарыстың алғашқы күнінің қорытындысы бойынша ұлттық құрама 3



алтын, 1 күміс және 1 қола медаль еншіледі. Әсіресе, ерлер құрамасының өнері көпшіліктің көңілінен шықты. Төрт салмақтың үшеуінде қазақстандық балуандар топ жарып, чемпион

атанды. Ал, қарағандылық Ерғанат Молдағұлов 100 келіге дейінгі салмақта қарсыластарына лайықты қарсылық көрсетіп, финалға дейін сүрінбей жетті. Шешуші белдесуде жеңіске бір қадам жетпей, әлем чемпионатының күміс жүлдесін қанағат тұтты. Дегенмен, бұл нәтиже – спортшының шеберлігі мен табандылығының, сондай-ақ, Қарағанды балуандары мектебінің әлеуетін көрсететін айтулы жетістік.

Байрақты бөсеке United World Wrestling халықаралық ұйымының талаптарына сәйкес Qazaq Kuresi қауымдастығы мен Әзірбайжан Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының бірлесуімен ұйымдастырылды.

Бакудегі додаға Қазақстанның ел чемпионаттарында, республикалық және халықаралық жарыстарда шыңдалған үздік балуандары аттанды. Ұлттық құрама спортшылары үшін бұл – ел намысын қорғап, қазақ күресін әлемге танытуға үлкен мүмкіндік.

Сурет Жоғары спорт шеберлігі мектебінен

• ДЗЮДО

Ел мерейін үстем етті

Теміртаулық жас спортшы Әділжан Жаудинов дзюдодан кадеттер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына алтын медаль салды. Эквадордың Гуаякиль қаласында өтіп жатқан әлем біріншілігінде ол 90 келіден жоғары салмақта өнер көрсетіп, барлық қарсыласынан басым түсті.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шешуші финалдық белдесуде Әділжан Ресей спортшысы Абдулманаф Рамазановпен кездесіп, жеңіске жетті. Осылайша теміртаулық дзюдошы әлем чемпионатының алтын тұғырына көтеріліп, ел мерейін үстем етті.

Жас спортшының бұл жеңісі Қазақстан құрамасының жарыстағы үшінші алтыны болды.

Бұған дейін Ғабит Расулхан 60 келіге дейінгі, ал Фатима Сұпығалиева 52 келіге дейінгі салмақта қарсыластарынан басым түсіп, әлем чемпионы атанған еді.

Жекелей сайыстардың қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасының қоржынында 3 алтын, 3 күміс және 4 қола медаль бар. Осылайша қазақстандық дзюдошылар кадеттер арасындағы әлем чемпионатында барлығы 10 жүлде иеленді. Сонымен қатар, ұлттық құрама



аралас командалар арасындағы жарыста да үздік нәтиже көрсетті. Қазақстандық дзюдошылар финалда Бразилия құрамасын 4:3

есебімен жеңіп, жарыстың алтын медалін еншіледі.

Сурет жеңімпаздың жеке мұрағатынан

• ФУТБОЛ

Жолдамаға бір табан жақындады

Футболдан Қазақстан бірінші лига ойындарының 19-туры мәреге жетті. Қарағандылық «Шахтер» өз алаңында елордалық «Астана» жастарын қабылдап, кездесу жерлестеріміздің жеңісімен (4:0) аяқталды. Осылайша, жерлестер маңызды ойында ұпай жоғалтпай, Премьер-лига жолдамасына жақындай түсті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші лига ойындарының аяқталуына небәрі жеті тур ғана қалды. Ал, қарағандылықтар осымен 12 ойын қатарынан жеңілмей келеді. Негізі, жерлестер бірінші айналымда елордалықтардан 3:4 есебімен жеңіліп еді. Бұл жолы өз алаңында қарымта қайтарды.

Алаң иелері ойынның небәрі 15-ші минутында есеп ашты. Оң қапталдан ортаға ойысқан шабуылшы Артем Литош қарсылас қақпасына жақындай келіп, әріптесі Диас Қалыбаевқа пас асырған. Ал, ол болса өзіне келген мүмкіндікті мүлт жібермей, допты қақпаға дәл бағыттап үлгерді. Ойынның 40-шы минутында Артем қайтадан көзге түсті. Бұл жолы шабуыл сол қапталдан



ұйымдастырылған. Александр Мигунов қарсылас қақпасының тұсына келгенде ортада жүрген әріптесі Артемға пас асырады. Ал, Артем мүлт кетпеді. Осылайша, кездесудің алғашқы бөлігі 2:0 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілді. 51-ші минутта Диас Қалыбаев, 75-ші минутта Андрей Ульшин көзге түсіп, таблодағы көрсеткішті 4:0-ге

жеткізді. Сөйтіп, «Шахтер» маңызды ойында жеңіске жетіп, турнир кестесіндегі орнын нығайта түсті.

– Жаттығуда не жасадық, не көргім келді, соның бәрін жігіттер бүгінгі ойында көрсетті. Жасыл алаңда барын салды. Қарсыластар допқа иелік етіп, прессинг жасайды. Біз осы тактикасына қарсы ойнап, жігіттердің әрқайсысына

жеке тапсырма бердім. Алаңға шыққанда біз олардың барлығына тыңғылықты дайын болдық. Нәтижесінде, қарсылас қақпасына керемет төрт гол салды, – деді бас бапкер Андрей Финонченко.

Жалпы, бұл лигадан Премьер-лига ойындарына тек екі үздік командаға ғана жолдама беріледі. Қазіргі уақытта жерлестер турнир

• ЖАҢА КІТАП

Шаһар шежіресі

Биыл Приозерск қаласының 70 жылдығы. Осыған орай өлкетану жинағы жарық көрді. Туған өлкенің тарихын түгендеп, өткені мен бүгінін сабақтастырған кітап тың деректермен толыққан.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ұлы Дала төсінде туған қала». Приозерск қаласының 70 жылдық мерейтойына арнайы шығарылған жаңа өлкетану жинағының атауы осындай. Туындыда архивтік құжат, сирек кездесетін суреттер қамтылған. Су жаңа жинақтың лентасы салтанатты түрде киылды. Оған қала әкімі қатысып, тұрғындарды құттықтады.

– Бұл жинақ қала тарихын айна-қатесіз қамтыған деректерімен құнды. Бай тарих арқылы туынды құнды. Әр парағындағы мол мұрағат, естеліктерге қарап, қаланың даму жолын байқауға болады. Бұл үлкен еңбектің жемісі екені сөзсіз, – деді Приозерск қаласының әкімі Мансур Ахметов.

Жинақ арқылы қаланың 1956 жылы негізі қалану тарихынан бастап, даму жолын және әскери сынақ полигонының қалыптасу кезеңдерімен танысуға болады. Приозерск қаласының өткені мен бүгінін байланыстыратын тарихи деректер, шежіре және өлке туралы танымдық материалдармен толыққан.

– Бұл кітап екі тілде жарық көрді. Қазақша атауы «Приозерск: ұлы дала төсінде туған қала» және орысша атауы «Приозерск: город рожденный степью» деп аталады. Аталған жинақтың басты мақсаты қаланың даму жолы, Сарышаған мемлекеттік ғылыми зерттеу сынақ полигоны жайлы, тарихи мұраны көпшілікке таныстыру болды, –

деді Приозерск қалалық кітапханасының директоры Павлина Кенжебекова.

Жинаққа енгізілген QR-кодтар арқылы оқырман қала тарихына қатысты электрондық материалдарға қол жеткізе алады. Туындыда өткен күннің ізі, әрбір дерегінде тарихтың табы жатыр. «Бұл кітап қала тарихы ғана емес, талай ұрпақтың тағдыры» дейді шаһардың қалыптасу жолында еңбек еткен тұлғалар.

– Мен 1994 жылы қалада жылу болмаған қиын кезеңдерді бастан өткердім. Қазір көп өзгерісті байқаймын. Алматыдан жиі келіп тұрамын. Игілігі мол жұмыстар жүріп жатыр. Қала өзгеріп, көркейіп келеді. Осындай қала тарихын қамтыған жаңа кітапты мектептерге, жоғары сыныптарға таратып оқытса да артық болмас дер едім. Бұл қаланың азаматтары еліміздің дамуына зор үлес қосты деп есептеймін. Жерлестерімізмен мақтанамын. Еңбекқор, адал, сабырлы. Мұндағы халықтың ішкі мәдениеті өте жоғары. Жастар да талантты және талантты. Соларға қарап, осы шаһардың болашағына зор үміт күтемін, – деді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Нұрлан Паржазов.

Тұтас бір дәуірді арқау еткен жинақ осылайша қалың оқырман қауымға жол тартты. Қаладағы кітапханалардан бөлек, белсенді жастарға да арнайы табысталды.

ПРИОЗЕРСК

Сурет автордан

Турнир кестесі ҚРЧ. Бірінші лига. 19-тур

Ор.	Клуб	Ой.	Ұт.	Т	Ж	Д/а	Ұп.
1	«Шахтер»	19	17	1	1	55-7	52
2	«Қайрат-Жастар»	19	14	4	1	60-10	46
3	«Тұран»	19	12	2	5	37-17	38
4	«Академия Оңтүстік»	19	10	3	6	31-25	33
5	«Жайық»	19	8	3	8	18-23	27
6	«Астана Ж»	19	8	2	9	29-37	26
7	«Батыр»	19	7	5	7	26-34	26
8	«Тараз»	19	7	4	8	24-24	25
9	«Каспий Ж»	19	7	4	8	27-31	25
10	«Хан-Тәңірі»	19	6	3	10	23-35	21
11	«Ақтөбе-Ж»	19	5	5	9	34-60	20
12	«Арыс»	19	4	3	12	20-39	15
13	«Елімай Ж»	19	3	3	13	16-37	12
14	«Тобыл»	19	2	4	13	31-52	10

кестесінде 52 ұпаймен көш бастап тұр. Алматылық «Қайрат» жастары 46 ұпаймен – II орында, түркістандық «Тұран» 38 ұпаймен III орында келеді. Алда әлі жеті тур бар.

Егер, жерлестер екі немесе үш ойыннан жеңіліп, ұпай жоғалтса, турнир кестесінде II сатыға түседі. Ондай жағдайдың өзінде де олар II орынмен Премьер-лига сапына қо-

сылады. Алайда, жерлестер алдағы ойындарда оңайлықпен ұпай жоғалта қоймайды. Олай дейтініміз, бұл қарсыластарды бірінші айналымда жеңген. Соңғы ойын – «Алматы» жастарымен өтеді. Өткен жолы қос қарсылас тең тарқасқан болатын.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 264
№92 талпырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Мағжан ҚҰДЫБЕРГЕН**